2. байланыс телефондарын, факс нөмірлерінің және электрондық почта мекенжайларын, сондай-ақ егер эмитенттің тұрғылықты мекенжайы заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтамада көрсетілген эмитенттің орналасқан жерінен өзгеше болса, тұрғылықты мекенжайын көрсетумен заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтамаға сәйкес эмитенттің орналасқан жері.

- Орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Z05T3E2, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 55 А ғимарат, н.п. 15.
- Байланыс телефондары мен факс нөмірлері: +7 (7172) 79 26 79, + 7 (7172) 79 26 38.
- Электрондық почта адресі: info@kdb.kz

заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы анықтамада көрсетілген мекенжайдан тұрғылықты мекенжайдан айырмашылығы жоқ.

2-ТАРАУ. ЭМИССИЯЛЫҚ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР ТУРАЛЫ, ОЛАРДЫ ТӨЛЕУ ТӘСІЛДЕРІ ЖӘНЕ ОЛАР БОЙЫНША КІРІС АЛУ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

3. Облигациялар шығарылымы туралы мәліметтер:

1) облигациялардың түрі;

2) бір облигацияның номиналды құны (егер бір облигацияның номиналды құны индекстелген шамада болса, онда қосымша бір облигацияның номиналды құнын есептеу тәртібі көрсетіледі);

3) облигациялар саны;

4) облигациялар шығарылымының жалпы көлемі;

5) облигацияның номиналды құнының валютасы, облигациялар бойынша негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша төлем валютасы.

Облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеу кезінде бұл тармақ толтырылмайды.

4. Орналастырылатын облигацияларды төлеу тәсілі:

Облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеу кезінде бұл тармақ толтырылмайды.

5. Облигациялар бойынша кіріс алу:

1) облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесі (егер облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесі индекстелген шама болып табылса, онда облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесін есептеу тәртібі қосымша көрсетіледі);

2) облигациялар бойынша сыйақы төлеу кезеңділігі және (немесе) сыйақы төлеу күні;

3) облигациялар бойынша сыйақы есептеу басталатын күн;

4) облигациялар бойынша сыйақы төлеу тәртібі мен шарттары, облигациялар бойынша сыйақы алу тәсілі;

5) облигациялар бойынша сыйақыны есептеу үшін қолданылатын уақыт кезеңі.

Облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеу кезінде бұл тармақ толтырылмайды.

6. Арнайы қаржылық компания облигацияларын шығару кезінде жобалық қаржыландыруда келесілер қосымша көрсетіледі:

1) ақшалай талаптардың сипаттамасы, бөлінген активтердің құрамына кіретін талап ету құқықтары бойынша ақша түсімінің шарттары мен болжамды мерзімдері;

2) базалық шарт бойынша құрылған мүлікке меншік иесінің ауысуы туралы облигация ұстаушыларға ақпарат беру тәртібі, кредиторлар өкілдерін арнайы қаржылық компания органдарына және олардың өкілеттіктеріне енгізу туралы;

3) бөлінген активтер есебінен жүзеге асырылатын активтерді жобалық қаржыландыру және инвестициялық басқару мәмілелеріне қызмет көрсетуге байланысты арнайы қаржылық компанияның шығыстарының тізбесі

Облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеу кезінде бұл тармақ толтырылмайды.

Арнайы қаржы компанияның облигацияларын шығару кезінде секьюриттеуде келесілер қосымша көрсетіледі:

1) оригиналатордың, кастодиан банктің, инвестициялық портфельді басқарушының, арнайы қаржылық компанияның және басқаға берілген талап ету құқықтары бойынша төлемдерді жинауды жүзеге асыратын тұлғаның атауы және орналасқан жері;

2) оригиналатордың секьюритилендіру мәмілесіндегі қызметінің мәні, құқықтары мен міндеттері;

3) талап ету құқықтарының сипаттамасы, бөлінген активтердің құрамына кіретін талап ету құқықтары бойынша ақшаның түсу шарттары, тәртібі мен мерзімдері және олардың орындалуын бақылауды жүзеге асыру тәртібі;

4) бөлінген активтер бойынша уақытша бос түсімдерді инвестициялау тәртібі;

5) секьюритилендіру мәмілесі бойынша қызметтерге ақы төлеуге байланысты шығыстар және арнайы қаржылық компанияның осы шығыстарды бөлінген активтерден шегеруге құқылы талаптар;

- 6) оригинатордың және секьюритилендіру мәмілесіне қатысушы тұлғалардың секьюритилендіруді қолдану тәжірибесінің болуы туралы мәліметтер;*
- 7) секьюритилендіру мәмілесін қамтамасыз етуге бөлінген активтердің мөлшері, құрамы және өсуінің болжамды талдауы;*
- 8) талап ету құқықтарының біртектілік өлшемшарттары;*
- 9) облигациялық бағдарлама шегінде шығарылған әр түрлі облигациялар шығарылымын өтеудің кезектілігі.*

Облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеу кезінде бұл тармақ толтырылмайды.

3-ТАРАУ. ЭМИССИЯЛЫҚ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРДЫ ОРНАЛАСТЫРУ, АЙНАЛЫМҒА ЖІБЕРУ, ӨТЕУ ШАРТТАРЫ МЕН ТӘРТІБІ, СОНДАЙ-АҚ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР НАРЫҒЫ ТУРАЛЫ ЗАҢНЫҢ 15 ЖӘНЕ 18-4-БАБЫНДА БЕЛГІЛЕНБЕГЕН ОБЛИГАЦИЯЛАРДЫ САТЫП АЛУДЫҢ ҚОСЫМША ШАРТТАР

8. Облигацияларды орналастыру шарттары мен тәртібі:

- 1) облигацияларды орналастыруды бастау күні;*
- 2) облигацияларды орналастыру аяқталған күн;*
- 3) облигацияларды орналастыру жоспарланып отырған нарық (бағалы қағаздардың ұйымдастырылған және (немесе) ұйымдастырылмаған нарығы).*

Облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеу кезінде бұл тармақ толтырылмайды.

9. Облигациялар айналымының шарттары мен тәртібі:

- 1) облигациялар айналымының басталу күні;*
- 2) облигациялар айналымының аяқталу күні;*
- 3) облигациялардың айналым мерзімі;*
- 4) облигациялар айналымы жоспарланатын нарық (бағалы қағаздардың ұйымдастырылған және (немесе) ұйымдастырылмаған нарығы).*

Облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеу кезінде бұл тармақ толтырылмайды.

10. Облигацияларды өтеу шарттары мен тәртібі:

- 1) облигацияларды өтеу күні;*
- 2) облигацияларды өтеу тәсілі;*
- 3) егер облигацияларды өтеу кезінде сыйақы мен номиналды құнды төлеу облигацияларды шығару проспектісіне сәйкес өзге мүліктік құқықтарға сәйкес жүргізілсе, осы құқықтардың сипаттамасы, олардың сақталу тәсілдері, бағалау тәртібі және көрсетілген құқықтарды бағалауды жүзеге асыруға құқылы тұлғалар, сондай-ақ осы құқықтардың көшуін іске асыру тәртібі келтіріледі.*

Облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеу кезінде бұл тармақ толтырылмайды.

Бағалы қағаздар нарығы туралы заңның 15 және 18-4-баптарында белгіленбеген облигацияларды сатып алудың қосымша талаптары болған жағдайда келесілер көрсетіледі:

1) облигацияларды сатып алу құқығын іске асыру шарттары, тәртібі;

2) облигацияларды сатып алу құқығын іске асыру мерзімдері;

Облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеу кезінде бұл тармақ толтырылмайды.

4-ТАРАУ. БАР БОЛҒАН ЖАҒДАЙДА КОВЕНАНТТАР (ШЕКТЕУЛЕР)

12. Бағалы қағаздар нарығы туралы заңда қарастырылмаған қосымша ковенанттар (шектеулер) белгіленген жағдайда, келесілер көрсетіледі:

1) эмитент қабылдайтын және бағалы қағаздар рыногы туралы қарастырылмаған ковенанттардың (шектеулердің) сипаттамасы;

2) ковенанттар (шектеулер) бұзылған кезде эмитенттің әрекет ету тәртібі;

3) ковенанттар бұзылған кезде облигацияларды ұстаушылардың әрекет ету тәртібі.

4) ковенанттар (шектеулер) бұзылған кездегі эмитенттің әрекет ету тәртібі;

5) ковенанттар бұзылған кезде облигацияларды ұстаушылардың әрекет ету тәртібі;

Облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеу кезінде бұл тармақ толтырылмайды.

5-ТАРАУ. ЭМИССИЯЛЫҚ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРДЫ АЙЫРБАСТАУ (АЙЫРБАСТАЛАТЫН БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРДЫ ШЫҒАРУ КЕЗІНДЕ) ШАРТТАРЫ, МЕРЗІМІ ЖӘНЕ ТӘРТІБІ

13. Айырбасталатын облигацияларды шығару кезінде қосымша келесі мәліметтер көрсетіледі:

1) облигациялар айырбасталатын акцияларды орналастыру бағасын айқындау түрі, саны және тәртібі, осындай акциялар бойынша құқықтар;

2) облигацияларды айырбастау тәртібі мен шарттары (егер облигациялар шығарылымы толық айырбасталса, айырбастау аяқталған күннен бастап 1 (бір) ай ішінде облигациялар шығарылымының күші жойылуга жататыны көрсетіледі, егер облигациялар шығарылымы толық айырбасталмаса, осы шығарылымның сатып алынған облигациялары одан әрі орналастырылмайтыны, айналыс мерзімінің соңында өтелетіні көрсетіледі).

Төлем қабілеті жоқ банктер санатына жатқызылған Банк «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Банктер туралы Заң) 61-10-бабында қарастырылған негізде және тәртіппен уәкілетті органның шешіміне сәйкес облигацияларды акцияларға айырбастау шарттарын көрсетеді.

Облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеу кезінде бұл тармақ толтырылмайды.

6-ТАРАУ. ЭМИТЕНТІНІҢ МҮЛКІНІҢ ҚҰНЫН КӨРСЕТЕ ОТЫРЫП, ШЫҒАРЫЛҒАН ОБЛИГАЦИЯЛАР БОЙЫНША МІНДЕТТЕМЕЛЕРДІ ТОЛЫҚ НЕМЕСЕ ІШНАРА ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕТІН МҮЛКІ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР (ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛГЕН

ОБЛИГАЦИЯЛАР БОЙЫНША)

14. Эмитенттің шығарылған облигациялар бойынша міндеттемелерді толық немесе ішінара қамтамасыз ететін мүлкі туралы мәліметтер:

- 1) осы мүлктің құнын көрсете отырып, шығарылған облигациялар бойынша қамтамасыз етуді сипаттау;*
- 2) қамтамасыз ету құнының облигациялар шығарылымының жиынтық көлеміне пайыздық арақатынасы;*
- 3) кепіл нысанасынан өндіріп алу тәртібі.*

Облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеу кезінде бұл тармақ толтырылмайды.

Кепілдік берген банктің атауы, орналасқан жері, кепілдік шартының деректемелері, кепілдік мерзімі мен талаптары көрсетілген деректері (егер облигациялар банк кепілдігімен қамтамасыз етілген болса):

Облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеу кезінде бұл тармақ толтырылмайды.

16. Инфрақұрылымдық облигацияларды шығару кезінде – концессия шартының деректемелері және мемлекет кепілгерлігін беру туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы

Облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеу кезінде бұл тармақ толтырылмайды.

7-ТАРАУ. ОБЛИГАЦИЯЛАРДЫ ОРНАЛАСТЫРУДАН АЛЫНҒАН АҚШАНЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ НЫСАНАЛЫ МАҚСАТЫ

17. Облигацияларды орналастырудан алынған ақшаны пайдаланудың нысаналы мақсаты:

- 1) эмитент облигацияларды орналастырудан алатын ақшаны пайдаланудың нақты мақсаттары;*
- 2) инфрақұрылымдық облигацияларды шығару кезінде онымен жасалған шарттың талаптарына сәйкес облигацияларды ұстаушылар өкілінің қызметтерін төлеуге байланысты шығыстар көрсетіледі.*

Облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеу кезінде бұл тармақ толтырылмайды.

18. Эмитент бұрын шығарған, айналыста болу мерзімі аяқталған облигациялар бойынша талап ету құқықтарымен ақы төленетін облигацияларды шығару кезінде осы облигациялардың шығарылымын мемлекеттік тіркеу күні және нөмірі, олардың түрі мен саны, сондай-ақ облигациялар шығару көлемі, облигациялар бойынша жинақталған және төленбеген сыйақы сомасы қосымша көрсетіледі.

Облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеу кезінде бұл тармақ толтырылмайды.

8-ТАРАУ. ЭМИТЕНТТІҢ ОРНАЛАСТЫРЫЛҒАН (АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМ САТЫП АЛҒАНДАРЫН ҚОСПАҒАНДА) АКЦИЯЛАРЫНЫҢ (ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛҒА ҚАТЫСУ ҮЛЕСТЕРІНІҢ) ОН ЖӘНЕ ОДАН КӨП ПАЙЫЗЫН ИЕЛЕНЕТІН ҚҰРЫЛТАЙШЫЛАР ТУРАЛЫ НЕМЕСЕ ІРІ АКЦИОНЕРЛЕР (ҚАТЫСУШЫЛАР) ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

19. Эмитенттің орналастырылған (акционерлік қоғам сатып алғандарын қоспағанда) акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он және одан көп пайызын иеленетін құрылтайшылар туралы немесе ірі акционерлер (қатысушылар) туралы мәліметтер:

1) құрылтайшының немесе ірі акционердің (қатысушының) тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) (жеке тұлға үшін):

Банк үшін қолданылмайды.

2) құрылтайшының немесе ірі акционердің (қатысушының) толық атауы, орналасқан жері (заңды тұлға үшін):

Банктің жалғыз акционері «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы болып табылады (орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Z05T2H3, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 55А ғимараты).

3) құрылтайшыға немесе ірі акционерге (қатысушыға) тиесілі дауыс беруші акциялардың немесе эмитенттің жарғылық капиталына қатысу үлестерінің дауыс беруші акциялардың немесе эмитенттің жарғылық капиталына қатысу үлестерінің жалпы санына пайыздық арақатынасы;

Банктің жалғыз акционері болып табылатын «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамына Банктің дауыс беретін акцияларының 100% тиесілі.

4) құрылтайшы немесе ірі акционер (қатысушы) эмитенттің дауыс беретін акцияларының немесе жарғылық капиталындағы қатысу үлестерінің он және одан да көп пайызын иелене бастаған күн:

«Даму институттарын, қаржы ұйымдарын басқару жүйесін оңтайландыру және ұлттық экономиканы дамыту жөніндегі кейбір шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 22 мамырдағы № 571 Жарлығына және «Даму институттарын, қаржы ұйымдарын басқару жүйесін оңтайландыру және ұлттық экономиканы дамыту жөніндегі кейбір шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 22 мамырдағы № 571 Жарлығын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 25 мамырдағы № 516 қаулысына сәйкес «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ны құру және Банктің 100% жай акцияларын «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ жарғылық капиталын төлеуге беру туралы шешім қабылданды.

«Бәйтерек» ҰБХ « АҚ 2013 жылғы 28 мамырда заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу рәсімінен өтті. Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті төрағасының 2013 жылғы 17 қазандағы № 788 бұйрығына сәйкес Банктің қарапайым акцияларының 100%-дық пакеті 2013 жылғы 25 қазанда «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ға берілді.

9-ТАРАУ. ЭМИТЕНТТІҢ БАСҚАРУ ОРГАНЫ ЖӘНЕ АТҚАРУШЫ ОРГАНЫ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

20. Эмитенттің басқару органы туралы мәліметтер:

1) директорлар кеңесі немесе Байқау кеңесі төрағасының және мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) (Директорлар Кеңесіндегі тәуелсіз (тәуелсіз) директорды (директорларды) көрсете отырып).

2) директорлар кеңесінің немесе байқау кеңесінің мүшелерін сайлау күні және хронологиялық тәртіппен соңғы 3 (үш) жылдағы және қазіргі уақытта олардың еңбек қызметі туралы мәліметтер.

директорлар кеңесі төрағасының және мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) және директорлар кеңесі мүшелерін сайлау күні	Директорлар кеңесі мүшелерінің хронологиялық тәртіппен соңғы 3 (үш) жылдағы және қазіргі уақытта, еңбек қызметі туралы мәліметтер
<p>Директорлар кеңесінің төрағасы:</p> <p>АЙДАР ӘБДІРАЗАҚҰЛЫ ӘРІПХАНОВ</p> <p>Қызметке 2017 жылғы 20 желтоқсанда кірді.</p>	<p><u>2015 жыл, қараша – 2017 жыл, қаңтар:</u> Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министрі.</p> <p><u>2017 жыл, қаңтар – желтоқсан:</u> «Бәйтерек «ҰБХ» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары.</p> <p><u>2017 жыл, желтоқсаннан - қазіргі уақытқа дейін:</u> «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Басқарма төрағасы;</p> <p><u>2018жыл маусым - 2019 шілде:</u> «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры Директорлар кеңесінің мүшесі</p> <p><u>2019 жыл, наурыз - қазіргі уақытқа дейін:</u> «Қазақстан тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы.</p>
<p>Директорлар кеңесінің мүшесі:</p> <p>РУСТАМ ТИМУРОВИЧ ҚАРАҒОЙШИН</p> <p>Қызметке 2019 жылғы 10 маусымда кірді.</p>	<p><u>2015 жыл - 2019 жыл, ақпан:</u> «ҚазАгроҚаржы» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары</p> <p><u>2019жыл, ақпан – мамыр:</u> «Қазақстанның астық консорциумы» ЖШС Бас директоры.</p> <p><u>2019 жыл, мамыр - қазіргі уақытқа дейін:</u> «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары.</p>
<p>Директорлар кеңесінің мүшесі, Тәуелсіз директор:</p> <p>ӘНУАР ҒАЛИМОЛЛАҰЛЫ СӘЙДЕНОВ</p> <p>Қызметке 2018 жылы 24 қазанда кірді.</p>	<p><u>2012 жыл, желтоқсан– 2018 жыл, қазан:</u> «Bank RBK» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі</p> <p><u>2016 жыл, сәуір - 2019 жыл, сәуір:</u> «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор</p> <p><u>2018 жыл 24 қазан – қазіргі уақытқа дейін:</u> «Қазақстан Даму Банкі» АҚ-ның Директорлар кеңесінің мүшесі.</p> <p>2018 жыл, ақпан - қазіргі уақытқа дейін: «Банк Хоум Кредит» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директоры.</p> <p><u>2019 жыл, сәуір - қазіргі уақытқа дейін:</u> «Банк ЦентрКредит» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директоры.</p>
<p>Директорлар кеңесінің мүшесі:</p> <p>АБАЙ СЕРІКҰЛЫ САРҚҰЛОВ</p> <p>Қызметке 2019 жылы 29 сәуірден бастап кірді.</p>	<p><u>2016 жыл, сәуір - 2017 жыл, ақпан:</u> «Қазақстан Даму Банкі» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары</p> <p><u>2017 жыл, ақпан - 2019 жыл, сәуір:</u> «Даму» ҚД» АҚ Басқарма төрағасы.</p> <p><u>2019 жыл, 29 сәуір - қазіргі уақытқа дейін:</u> «Қазақстан Даму Банкі» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі және Басқарма Төрағасы.</p>

<p>Директорлар кеңесінің мүшесі:</p> <p>МАРАТ ТАЛҒАТҰЛЫ ОМАРОВ</p> <p>Қызметке 2019 жылғы 10 маусымда кірді.</p>	<p><u>2016 - 2017 жыл:</u> «Қазақтелеком» АҚ Басқарушы директоры.</p> <p><u>2017 жыл, сәуір - 2019 жыл, мамыр:</u> «Qazaq Techventures» АҚ Басқарма төрағасын трансформациялаудан кейін («Бәйтерек» ҰБХ) АҚ құрылымына кіреді) «Технологиялық даму жөніндегі ұлттық агенттік» АҚ Басқарма төрағасы.</p> <p><u>2019 жыл, мамыр - қазіргі уақытқа дейін:</u> «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Басқарушы директоры, Басқарма мүшесі</p>
<p>Директорлар кеңесінің мүшесі, Тәуелсіз директор:</p> <p>МАРСИЯ ЭЛИЗАБЕТ КРИСТИАН ФАВАЛЕ</p> <p>Қызметке тағайындалуы 2015 жыл</p>	<p><u>2009 жыл, ақпан - қазіргі уақытқа дейін:</u> M. Favale-Tarter, LLC, Blingby LLC Бас атқарушы директоры.</p> <p><u>2015 жыл 26 қаңтар - қазіргі уақытқа дейін:</u> «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор</p>
<p>Директорлар кеңесінің мүшесі, Тәуелсіз директор:</p> <p>АНТонио Сомма</p> <p>Қызметке 2016 жылы 02 желтоқсанда тағайындалды.</p>	<p><u>2011 жыл - қазіргі уақытқа дейін:</u> Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының Еуразия елдерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру жөніндегі бағдарламасының жетекшісі), Франция, Париж қаласы.</p> <p><u>2016 жыл 02 желтоқсан - қазіргі уақытқа дейін:</u> «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор</p>

3) эмитенттің дауыс беретін акцияларының эмитенттің директорлар кеңесі мүшелерінің әрқайсысына тиесілі пайыздық арақатынасы немесе эмитенттің жарғылық капиталындағы қатысу үлестерінің эмитенттің байқау кеңесі мүшелерінің әрқайсысына тиесілі пайыздық арақатынасы, дауыс беретін акциялардың немесе жарғылық капиталдағы қатысу үлестерінің жалпы санына қатысты эмитент:

Банктің дауыс беретін акциялары Банктің Директорлар кеңесінің мүшелеріне тиесілі емес.

4) эмитенттің еншілес және тәуелді ұйымдарындағы директорлар кеңесі немесе байқау кеңесі мүшелерінің әрқайсысына тиесілі акциялардың (жарғылық капиталдағы қатысу үлестерінің) аталған ұйымдардың орналастырылған акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлестерінің) жалпы санына пайыздық арақатынасы.

Банктің еншілес және тәуелді ұйымдарының дауыс беретін акциялары Банктің Директорлар кеңесінің мүшелеріне тиесілі емес.

21. Алқалы орган немесе эмитенттің атқарушы органының функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын тұлға:

1) атқарушы органның функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) немесе алқалы атқарушы органның басшысы мен мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде).

2) атқарушы органның функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын тұлғаның немесе алқалы атқарушы орган мүшелерінің өкілеттіктерін көрсете отырып, хронологиялық тәртіппен сайлау күні және соңғы 3 (үш) жылдағы және қазіргі уақыттағы олардың еңбек қызметі туралы мәліметтер.

<p>Алқалы атқарушы орган басшысының және мүшелерінің тегі, аты,</p>	<p>Алқалы атқарушы орган мүшелерінің хронологиялық тәртіппен, соңғы 3 (үш) жылдағы және қазіргі уақытта,</p>
--	---

әкесінің аты (ол болған кезде) және алқалы атқарушы орган мүшелері сайланған күн	еңбек қызметі және олардың өкілеттіктері туралы мәліметтер
<p>Басқарма төрағасы:</p> <p>АБАЙ СЕРІКҰЛЫ САРҚҰЛОВ</p> <p>Қызметке 2019 жылы 29 сәуірден бастап кірді.</p>	<p>2016 жыл, сәуір - 2017 жыл, ақпан: «Қазақстан Даму Банкі» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары</p> <p>2017 жыл, ақпан - 2019 жыл, сәуір: «Даму» ҚД» АҚ Басқарма төрағасы.</p> <p>2019 жыл, 29 сәуір - қазіргі уақытқа дейін: «Қазақстан Даму Банкі» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі және Басқарма Төрағасы.</p> <p>Өкілеттіктері:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) Басқарманы басқарады, Басқарма отырысын шақырады. 2) Жалғыз акционердің және Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауды ұйымдастырады. 3) Банктің атынан үшінші тұлғалармен сенімхатсыз әрекет етеді, оның ішінде Банк атынан (сенімхатсыз) операциялар мен мәмілелер жасайды, мемлекеттік, халықаралық, қаржы және басқа да ұйымдармен Банктің мүдделерін білдіреді. 4) Банктің үшінші тұлғалармен қарым-қатынасын ұсыну құқығына сенімхат береді. 5) Өкілеттіктерді бөледі, сондай-ақ Басқарма мүшелері, ұйымдастыру-тарату, әкімшілік-шаруашылық функцияларды жүзеге асыратын қызметкерлер арасындағы жауапкершілік аясын бөледі. 6) өз құзыреті шегінде Банк Басқармасының мүшелеріне қатысты кадрлық мәселелер бойынша, оның ішінде демалыстарға (оның ішінде жыл сайынғы еңбек демалыстарына, жалақысы сақталмайтын демалыстарға, демалыстардан шақыртуларға), іссапарларға, семинарларға, тренингтерге, форумдарға, конференцияларға және т. б. қатысуға байланысты мәселелер бойынша бұйрықтар шығарады. 7) бұқаралық ақпарат құралдары (бұдан әрі – «БАҚ») өкілдерінің сауалдарына, хаттарына және өтініштеріне ресми жауаптарға қол қояды. 8) Банктің ресми хаттарына және БАҚ-қа жасалатын өтініштерге қол қояды. 9) Банктің Жалғыз акционері үшін Банктің жобалары туралы есептілікке қол қояды. 10) ұлттық даму институттарымен, Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары және өзге де ұйымдарымен байланысты мемлекеттік және өзге де бағдарламаларды іске асыру мәселелері туралы құжаттарға (хат алмасуларға) қол қояды. 11) мемлекеттік құпияларды қорғау мәселелері жөніндегі жұмысты ұйымдастырады және үйлестіреді. 12) Банктің Директорлар Кеңесінің Төрағасымен Банк қызметінің мәселелері туралы өзара іс-қимыл жасайды. 13) Банктің Жарғысында, Жалғыз акционердің, Директорлар кеңесінің шешімдерімен және Банктің ішкі активтерімен байланысты анықталған өзге де функцияларды жүзеге асырады. 14) Жалғыз акционердің және Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне, сондай-ақ Банк Басқармасының құзыретіне жатпайтын Қазақстан Республикасының заңнамасында және Банк жарғысында қарастырылған міндеттерді орындау үшін қажетті Банк қызметіне қатысты барлық басқа мәселелер бойынша шешімдерді қабылдайды

	<p>Басқарма төрағасы Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен, Банк Жарғысымен Жалғыз акционердің, Директорлар кеңесінің немесе Банк Басқармасының айрықша құзыретіне жатқызылмаған өзге де Банк қызметіне қатысты мәселелер бойынша атқарушы-өкімдік шешімдер қабылдайды</p> <p>Басқарма төрағасы Банктің барлық құрылымдық бөлімшелері мен қызметкерлерінің қызметіне жалпы бақылауды, үйлестіруді және басшылық жасауды жүзеге асырады, Басқарма мүшелерінің, кеңесшілердің, Қауіпсіздік қызметінің, Қоғаммен байланыс қызметінің жұмысын тікелей бақылайды, үйлестіреді және оған басшылық жасайды.</p> <p>15) Басқарма төрағасы өз құзыреті шегінде Банктің барлық қызметкерлері орындауға міндетті бұйрықтарды шығарады, өкімдер мен нұсқаулар береді.</p>
<p>Басқарма төрағасының орынбасары</p> <p>ДУМАН БАУЫРЖАНҰЛЫ АУБАКИРОВ</p> <p>Қызметке 2017 жылы 31 наурызда кірді.</p>	<p>2015 жыл, ақпан - 2017 жыл, наурыз: «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ Басқарушы директоры.</p> <p>2017 жыл, ақпан - қазіргі уақытқа дейін: «Қазақстан Даму Банкі» АҚ Басқарма мүшесі.</p> <p>2017 жыл 31 наурыз - қазіргі уақытқа дейін: «Қазақстан Даму Банкі» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары.</p> <p>Өкілеттіктері:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) Банктің кредиттік қызметін жалпы ұйымдастыру және үйлестіру, Банктің кредиттік саясатын іске асыру, Банктің кредиттік портфелін қалыптастыру, Банктің кредиттік портфелін басқаруға қатысу. 2) банктік сараптама, инвестициялық жобаларды іске асыру, қаржыландыру, мониторингілеу, экспорттық операциялар, банкаралық кредит беру процесін (бұдан әрі – «Жобалар») жалпы ұйымдастыру және үйлестіру. 3) «ҚДБ-Лизинг» АҚ, DBK Capital Structure Fund B.V. (Нидерландыда тіркелген еншілес ұйым, Амстердам) өзара қарым-қатынаста Банктің қызметін жалпылама ұйымдастыру және үйлестіру. 4) қаржы ұйымдарымен және институттармен Банктің кредиттік қызметі мәселелері бойынша өзара қарым-қатынаста Банктің қызметін жалпылама ұйымдастыру және үйлестіру. 5) Банктің агент/сенім білдірілген өкіл функцияларын орындауына байланысты қызметті жалпылама ұйымдастыру және үйлестіру. 6) Заңды тұлғаларда (басқару органдарында) Банк қатысатын жарғылық капиталдардағы Банктің мүдделерін білдіру. 7) кредиттік құралдарды (қарыздар, кепілдіктер және т.б.) беру туралы шарттарды орындау мақсатында қарыз алушылардың және өзге тұлғалардың міндеттемелерді уақтылы және толық орындауын қамтамасыз ету бойынша Банктің ішкі актілерінде қарастырылған іс-шараларды жүзеге асыруға арналған жұмысты жалпылама ұйымдастыру және үйлестіру. 8) Банктің сапалы кредиттік портфелін қалыптастыруды қамтамасыз ету бойынша Банктің ішкі актілерінде

	<p>қарастырылған іс-шараларды жүзеге асыруға арналған жұмысты жалпылама ұйымдастыру және үйлестіру.</p> <p>9) Басқарма төрағасының орынбасары Д. Б. Әубәкіров жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелердің құзыретіне жататын мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының және өзге де заңды тұлғалардың өкілдерімен келіссөздерге қатысу</p> <p>10) Басқарма төрағасының орынбасары Д. Б. Әубәкіров жетекшілік ететін, уәкілетті мемлекеттік органдардың тапсырмаларда айқындалған мерзімде жауапты орындаушылар (бірлесіп орындаушылар) болып табылатын құрылымдық бөлімшелердің мемлекеттік органдардың бағдарламалық құжаттарын, тапсырмалары мен сұрау салуларын орындау туралы ақпаратты дайындауы бойынша жұмыстарын жалпылама ұйымдастыру және үйлестіру.</p> <p>11) кредиттік қызметті жүзеге асыру шеңберінде жобаларды техникалық талдауға арналған қызметті ұйымдастыру және үйлестіру.</p> <p>12) кредиттік талдау және кредиттік құралдарды құрылымдауды жүзеге асыруға арналған жұмысты ұйымдастыру және үйлестіру.</p> <p>13) салалық талдау жұмыстарын ұйымдастыру және үйлестіру.</p> <p>Басқарма төрағасының орынбасары Д. Б. Әубәкіров Басқарушы директордың, Салалық талдау департаментінің, Кредиттік талдау және мәмілелерді құрылымдау департаментінің, Техникалық талдау басқармасының қызметін тікелей бақылайды, үйлестіреді және басқарады, Клиенттермен жұмыс жөніндегі дирекцияның, Қаржы институттарымен жұмыс жөніндегі департаменттің қызметін бақылайды және үйлестіреді.</p>
<p>Басқарма төрағасының орынбасары: Дмитрий Юрьевич Бабичев</p> <p>Қызметке 2016 жылы 29 наурызда кірді.</p>	<p>2013 жыл, шілде - 2016 жыл, наурыз: «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Тәуекелдерді басқару департаментінің директоры.</p> <p>2016 жыл, наурыз - қазіргі уақытқа дейін: «Қазақстан Даму Банкі» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары.</p> <p>Өкілеттіктері:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) стратегия, жоспарлау мәселелері бойынша Банк қызметін жалпылама ұйымдастыру және үйлестіру. 2) халықаралық инвестициялық банктермен, қаржы ұйымдарымен және институттармен, инвесторлармен, банк кредиторларымен жұмысты жалпылай ұйымдастыру және үйлестіру. 3) бағалы қағаздардың ішкі және сыртқы нарықтарының, ақша және валюта нарықтарының, кері РЕПО нарығының және банкаралық депозиттердің мониторингі бойынша жұмысты жалпы ұйымдастыру және үйлестіру. 4) Банктің инвестициялық портфелін басқару мәселелері бойынша Банк қызметін жалпы ұйымдастыру және үйлестіру. 5) Банктің «Қазақстан қор биржасы» АҚ-мен, «Бағалы қағаздар орталық депозитарийі» АҚ-мен және инвестициялық портфельді басқару, қарыз алу және

	<p>борышты басқару саясаты мәселелері бойынша өзге де уәкілетті органдармен өзара қарым-қатынасын жалпылама ұйымдастыру және үйлестіру.</p> <p>6) капиталдың сыртқы және ішкі нарықтарында қарыз қаражатын тарту, ынтымақтастық, халықаралық қаржы ұйымдарымен, шетелдік даму институттарымен, мемлекетаралық ұйымдармен және бірлестіктермен тәжірибе және ақпарат алмасу, қарыз алу мәселелері бойынша мемлекеттік және өзге де органдармен және қаржы институттарымен өзара іс-қимыл жасау, бағалы қағаздардың бастапқы және қайталама нарығында, ақша және валюта нарықтарында мәмілелер жасасу бойынша іс-шараларды жүргізу туралы жұмыстарды жалпылама ұйымдастыру және үйлестіру.</p> <p>7) Заңды тұлғаларда (басқару органдарында) Банк қатысатын жарғылық капиталдардағы Банктің мүдделерін білдіру.</p> <p>8) операциялық қызметті жалпы ұйымдастыру және үйлестіру, қаржы ұйымдарымен хат алмасу қатынастарын орнатуды ұйымдастыру.</p> <p>9) Банктің есеп саясатын, салықтық есеп саясатын қалыптастыру және іске асыру мәселелеріне арналған қызметті жалпылама ұйымдастыру және үйлестіру.</p> <p>10) Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасының талаптарына сәйкес клиенттердің экспорттық-импорттық операцияларын валюталық бақылауды жүзеге асыру жөніндегі жұмысты жалпы ұйымдастыру және үйлестіру.</p> <p>11) Банктің Жалғыз акционеріне қаржылық есептілікті жасау және беру жөніндегі жұмысты жалпылама ұйымдастыру және үйлестіру.</p> <p>12) Банктің тарифтік саясатының қағидаттарын және оны тәжірибе жүзінде іске асыру тәсілдерін айқындауға арналған жұмыстарды жалпылама ұйымдастыру және үйлестіру;</p> <p>13) Банк бюджетінің атқарылуын талдау мәселесіне арналған жұмыстарды жалпылама ұйымдастыру және үйлестіру және бюджеттің атқарылу барысы туралы ақпаратты Банктің ішкі актілеріне сәйкес белгіленген мерзімде Банктің бюджет комиссиясының қарауына, Банк басшылығына ұсыну.</p> <p>14) Басқарма төрағасының орынбасары Д. Ю. Бабичев жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелердің құзыретіне жататын мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары мен өзге де ұйымдардың өкілдерімен келіссөздерге қатысу</p> <p>15) Басқарма төрағасының орынбасары Д. Ю. Бабичев жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелердің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша ақпаратты, Банк басшылығына тиісті қорытындылар мен ұсыныстарды, Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының, «Бәйтерек «ҰБХ» АҚ және өзге де ұйымдардың сауалдарына жауаптарды дайындау бойынша жұмысты жалпылама ұйымдастыру және үйлестіру.</p> <p>16) Басқарма төрағасының орынбасары Д.Ю Бабичев жетекшілік ететін, уәкілетті мемлекеттік органдардың тапсырмаларда айқындалған мерзімде жауапты</p>
--	--

	<p>орындаушылар (бірлесіп орындаушылар) болып табылатын құрылымдық бөлімшелердің мемлекеттік органдардың бағдарламалық құжаттарын, тапсырмалары мен сұрау салуларын орындау туралы ақпаратты дайындауы бойынша жұмысын жалпылама ұйымдастыру және үйлестіру.</p> <p>Басқарма төрағасының орынбасары Д. Ю. Бабичев Басқарушы директордың, Бухгалтерлік есеп департаментінің қызметін тікелей бақылайды, үйлестіреді және басқарады, Қазынашылық департаментінің, Қорландыру және Инвесторлармен жұмыс департаментінің, Операциялық департаменттің, Қаржы департаментінің, Стратегия және жоспарлау департаментінің қызметін бақылайды және үйлестіреді.</p>
<p>Басқарма төрағасының орынбасары: Сандуғаш Айбасқызы Кенжебаева</p> <p>Қызметке 2019 жылдың 16 сәуірінен бастап кірді.</p>	<p>2015 жыл – 2016 жыл, тамыз: «Қазақстан Даму Банкі» АҚ клиенттермен жұмыс жөніндегі дирекцияның аға банкирі.</p> <p>2016 жыл, тамыз – 2017 жыл, желтоқсан: Еуразиялық Даму Банкіндегі Атқарушы директор.</p> <p>2017 жыл, желтоқсан – 2019 жыл, сәуір: «Қазақстан Даму Банкі» АҚ Басқарушы директоры.</p> <p>2019 жыл 10 сәуір - қазіргі уақытқа дейін: «Қазақстан Даму Банкі» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары.</p> <p>Өкілеттіктері:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) кредиттік, қаржылық және операциялық тәуекелдерді басқару, сәйкестендіру, бағалау, бақылау және мониторингілеу бойынша Банк қызметін жалпылама ұйымдастыру және үйлестіру, тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесінің тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету. 2) Банктің кредиттік қызметті жүзеге асыру шеңберінде берілетін Банк алдындағы міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етуді бағалау процесін жалпылама ұйымдастыру және үйлестіру 3) әдістеме, моделдеу және мониторинг, кредиттік тәуекелдерді бағалау үшін әдіснамалық құжаттама мен құралдарды қамтамасыз ету, ерте хабарлау сигналдарының мониторингі бойынша қызметті жалпылама ұйымдастыру және үйлестіру. 4) Банктің ішкі актілеріне сәйкес кредиттік құралдың кредиттік рейтингін бекіту бойынша жұмысты жалпылама ұйымдастыру және үйлестіру. 5) Басқарма төрағасының орынбасары С. А. Кенжебаева жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелердің құзыретіне жататын мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының және өзге де ұйымдардың өкілдерімен келіссөздерге қатысу, 6) Басқарма төрағасының орынбасары С. А. Кенжебаева жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелердің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша ақпаратты, Банк басшылығына тиісті қорытындылар мен ұсыныстарды, Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының, «Бәйтерек «ҰБХ» АҚ және өзге де ұйымдардың сауалдарына жауаптарды дайындау бойынша жұмысты жалпылама ұйымдастыру және үйлестіру.

	<p>7) Заңды тұлғаларда (басқару органдарында) Банк қатысатын жарғылық капиталдардағы Банктің мүдделерін білдіру.</p> <p>8) Басқарма төрағасының орынбасары С. А. Кенжебаева жетекшілік ететін, уәкілетті мемлекеттік органдардың тапсырмаларда айқындалған мерзімде жауапты орындаушылар (бірлесіп орындаушылар) болып табылатын құрылымдық бөлімшелердің мемлекеттік органдардың бағдарламалық құжаттарын, тапсырмалары мен сұрау салуларын орындау туралы ақпаратты дайындауы бойынша жұмысын жалпылама ұйымдастыру және үйлестіру.</p> <p>9) Автоматтандыру және бағдарламалық-техникалық қамтамасыз ету бойынша Банк қызметін ұйымдастыру және үйлестіру.</p> <p>10) бизнес-процестерді ұйымдастыру бойынша банк қызметін ұйымдастыру және үйлестіру.</p> <p>Басқарма төрағасының орынбасары С. А. Кенжебаева Басқарушы директордың қызметін тікелей бақылайды, үйлестіреді және басқарады, Кредиттік тәуекелдер департаментінің, Операциялық және қаржылық тәуекелдер Департаментінің, Әдіснама, модельдеу және мониторинг департаментінің, Қамтамасыз етуді бағалау департаментінің, Ақпараттық технологиялар департаментінің, Бизнес-процестер департаментінің қызметін бақылайды және үйлестіреді.</p>
<p>Басқарушы директор – Басқарма мүшесі: Әсет Болатұлы Шарипов</p> <p>Қызметке 2020 жылы 16 наурызда кірді</p>	<p>2016 жыл, мамыр -2017 жыл, шілде: «Қазақстан Даму Банкі» АҚ Құқықтық қамтамасыз ету департаментінің директоры.</p> <p>2017 жыл - 2020 жыл, наурыз: Алматы қ., «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары, Басқарма мүшесі.</p> <p>2020 жыл, 16 наурыз - қазіргі уақытқа дейін: «Қазақстан Даму Банкі» АҚ Басқарушы директоры - Басқарма мүшесі.</p> <hr/> <p>Өкілеттіктері:</p> <p>1) Банк қызметін құқықтық қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты жалпылама ұйымдастыруды және үйлестіруді жүзеге асырады;</p> <p>2) Банктің проблемалық активтерімен жұмысты, сондай-ақ шағымдану және талап қою жұмысты жалпылама ұйымдастыруды және үйлестіруді жүзеге асырады;</p> <p>3) Банк қызметін тексеруді жүзеге асыратын құқық қорғау және өзге де уәкілетті мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылды жалпы ұйымдастыруды және үйлестіруді жүзеге асырады;</p> <p>4) Банк Басқармасының, Директорлар кеңесінің, комитеттерінің және комиссияларының қызметін құқықтық қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты жалпылама ұйымдастыруды және үйлестіруді жүзеге асырады;</p> <p>5) Банк қызметінде пайдаланылатын шарттардың үлгілік және типтік емес нысандарын әзірлеу және келісу жөніндегі жұмысты жалпылама ұйымдастыруды және үйлестіруді жүзеге асырады;</p> <p>6) Банктің заң консультанттарын тартуы немесе аккредиттеуі бойынша жұмысты жалпылама ұйымдастыруды және үйлестіруді жүзеге асырады;</p> <p>7) Банк қызметіне байланысты мәселелерді құқықтық сүйемелдеу жөніндегі жұмысты, оның ішінде: «Қазақстан Даму Банкі» акционерлік қоғамының еншілес ұйымы «ҚДБ-Лизинг» акционерлік қоғамы және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған Банктің басқа да еншілес</p>

	<p>ұйымдары қызметінің мәселелері; қарыз алу және борышты басқаруды; халықаралық инвестициялық банктермен және басқа инвесторлармен, Банк кредиторларымен жұмысты; Банктің инвестициялық портфельін басқаруды; «Қазақстан қор биржасы» АҚ, «Бағалы қағаздар орталық депозитарийі» АҚ және инвестициялық портфельді басқару процесі мәселелері бойынша өзге де уәкілетті органдармен жұмыс істеуді; тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу процесімен жұмысты; қоғаммен және бұқаралық ақпарат құралдарымен байланыс жөніндегі қызметпен; мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі қызметпен; Басқарма хатшылығының, Банктің Директорлар кеңесі корпоративтік хатшылығының мәселелерімен байланысты жалпылама ұйымдастыруды және үйлестіруді жүзеге асырады.</p> <p>8) комплаенс тәуекелін басқару мәселелерін жалпы құқықтық сүйемелдеуді жүзеге асырады;</p> <p>9) жарғылық капиталына Банк қатысатын заңды тұлғаларда (басқару органдарында) банктің мүдделерін білдіреді;</p> <p>10) Банк басқармасы хатшылығының қызметін жалпы ұйымдастыруды және үйлестіруді жүзеге асырады;</p> <p>11) Басқарушы директор - Басқарма мүшесі А. Б. Шарипов жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелердің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша ақпаратты, Банк басшылығына тиісті қорытындылар мен ұсыныстарды, Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ және өзге де ұйымдардың сұрау салуларын жауаптарды дайындау жөніндегі жұмысты жалпылама ұйымдастыру мен үйлестіруді жүзеге асырады;</p> <p>12) Басқарушы директор - Басқарма мүшесі А. Б. Шарипов жетекшілік ететін, уәкілетті мемлекеттік органдардың тапсырмаларда айқындалған мерзімде жауапты орындаушылар (бірлесіп орындаушылар) болып табылатын құрылымдық бөлімшелердің мемлекеттік органдардың бағдарламалық құжаттарын, тапсырмалары мен сұрау салуларын орындау туралы ақпаратты дайындауы бойынша жұмысын жалпылама ұйымдастыру және үйлестіруді жүзеге асырады.</p> <p>13) Басқарушы директор - Басқарма мүшесі А. Б. Шарипов жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелердің құзыретіне жататын мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының және өзге де ұйымдардың өкілдерімен келіссөздерге қатысады;</p> <p>14) кредиттік досьені жүргізу, жобаларды кредиттік әкімшілендіру жөніндегі қызметті жалпы ұйымдастыруды және үйлестіруді жүзеге асырады;</p> <p>15) Банктің кредиттік бюролармен өзара қарым-қатынас қызметін жалпы ұйымдастыруды және үйлестіруді жүзеге асырады;</p> <p>16) Басқарушы директор-Басқарма мүшесі А. Б. Шарипов жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелердің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша ақпаратты, Банк басшылығына тиісті қорытындылар мен ұсыныстарды, Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ және өзге де ұйымдардың сауалдарына жауаптарды дайындау жөніндегі жұмысты ұйымдастыруды және үйлестіруді жүзеге асырады;</p> <p>17) Банктің әкімшілік-шаруашылық қызметін ұйымдастыруды және үйлестіруді жүзеге асырады;</p> <p>18) тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүзеге асыруға байланысты жұмысты ұйымдастыруды және үйлестіруді жүзеге асырады;</p> <p>19) Басқарушы директор – Басқарма мүшесі А. Б. Шәріпов Басқарманың, Директорлар кеңесінің және Жалғыз акционердің қарауына шығарылатын мәселелер бойынша материалдарды; сенімхаттарды, бұйрықтарды, өкімдерді (іссапарға жіберу, демалыстар туралы, материалдық көмек төлеу туралы</p>
--	---

	<p>бұйрықтарды, сондай-ақ банктің операцияларын бухгалтерлік есепте көрсетуге сатып алынатын тауарларды, жұмыстарды және Қызметтерді төлеуге арналған өкімдерді қоспағанда) қарайды және оларға қол қояды.</p> <p>20) Басқарушы директор - Басқарма мүшесі А. Б. Шәріпов Құқықтық қамтамасыз ету департаментінің, Кредиттік қызметті құқықтық сүйемелдеу департаментінің, Проблемалық активтермен жұмыс жөніндегі қызметтің, Басқарма хатшылығының, Кредиттік әкімшілендіру департаментінің, Әкімшілік департаментінің жұмысын тікелей бақылайды және үйлестіреді.</p>
--	--

3) эмитенттің атқарушы органының функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын тұлғаға немесе эмитенттің алқалы атқарушы органы мүшелерінің әрқайсысына тиесілі дауыс беретін акциялардың немесе жарғылық капиталға қатысу үлестерінің эмитенттің дауыс беретін акцияларының немесе жарғылық капиталға қатысу үлестерінің жалпы санына пайыздық арақатынасы.

Банктің Директорлар кеңесінің мүшелеріне Банктің дауыс беретін акциялары тиесілі емес.

22. Егер Эмитенттің атқарушы органының өкілеттігі басқа коммерциялық ұйымға (басқарушы ұйымға) берілген жағдайда, онда келесілер көрсетіледі:

- 1) басқарушы ұйымның толық және қысқартылған атауы, оның орналасқан жері;*
- 2) басқарушы ұйымның атқарушы органының функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) немесе алқалы атқарушы орган мүшелерінің және басқарушы ұйымның Директорлар кеңесі (Байқау кеңесі) мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде);*
- 3) осы тармақтың 2) тармақшасында аталған тұлғалардың сайланған күні және хронологиялық тәртіппен олардың соңғы 2 (екі) жылдағы еңбек қызметі туралы мәліметтер;*
- 4) осы тармақтың 2) тармақшасында көрсетілген тұлғаларға тиесілі басқарушы ұйымның дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) басқарушы ұйымның дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) жалпы санына пайыздық арақатынасы;*
- 5) осы тармақтың 2) тармақшасында аталған тұлғаларға тиесілі жарғылық капиталға қатысу үлестерінің эмитенттің жарғылық капиталына қатысу үлестерінің жалпы санына пайыздық арақатынасы. Осы тармақтың талаптары акционерлік қоғамдарға қолданылмайды.*

Банктің атқарушы органының өкілеттігі басқа коммерциялық ұйымға (басқарушы ұйымға) берілмеген.

10-ТАРАУ. ЭМИТЕНТ ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ ТҮРЛЕРІН КӨРСЕТЕ ОТЫРЫП, ЭМИТЕНТТІҢ ҚАРЖЫ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ КӨРСЕТКІШТЕРІ

23. Эмитент қызметінің түрлері:

1) негізгі қызмет түрі:

«Қазақстан Даму Банкі» АҚ Ұлттық даму институты болып табылады. Банктің негізгі қызметі мемлекеттік инвестициялық қызметтің тиімділігін жетілдіруге және арттыруға, өндірістік

инфрақұрылым мен өңдеуші өнеркәсіпті дамытуға, ел экономикасына сыртқы және ішкі инвестицияларды тартуға жәрдемдесуге бағытталған.

2) эмитенттің маусымдық сипаттағы қызмет түрлерін және олардың жалпы кірістеріндегі үлесін көрсете отырып, эмитенттің қызмет түрлерінің қысқаша сипаттамасы.

Банк келесі қызмет түрлерін ұсынады: инвестициялық жобалар мен экспорттық операцияларға орта, ұзақ мерзімді кредит беру, банкаралық кредит беру, лизингтік мәмілелерді қаржыландыру («ҚДБ-Лизинг» АҚ еншілес ұйымы арқылы), кепілдіктер беру және басқалар. Банк өз қызметін жүзеге асыру процесінде басшылыққа алатын негізгі мақсаттар мемлекеттік инвестициялық қызметтің тиімділігін жетілдіру және арттыру, өндірістік инфрақұрылым мен өңдеуші өнеркәсіпті дамыту, сондай-ақ ел экономикасына сыртқы және ішкі инвестицияларды тартуға жәрдемдесу болып табылады. Банк қызметі маусымдық сипатта болмайды.

3) эмитенттің бәсекелестері болып табылатын ұйымдар туралы мәліметтер:

«Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 3-бабының 3-тармағына сәйкес Банк Қазақстан Республикасының банк жүйесінде және қаржы секторында ерекше құқықтық мәртебеге ие және соған сәйкес коммерциялық қаржы институттарымен, оның ішінде екінші деңгейдегі банктермен бәсекелесуге ұмтылмайды. Банктің бәсекелестеріне Еуразия даму банкі, Еуропа қайта құру және даму банкі, Ислам даму банкі және Банктің басымдықтарына сәйкес келетін секторларда Қазақстан Республикасының аумағында жобаларды қаржыландыру жағдайындағы өзге де халықаралық даму институттары жатқызылуы мүмкін.

4) Эмитент қызметінің негізгі түрлері бойынша сату (жұмыс, қызмет) кірістілігіне оң және теріс әсер ететін факторлар:

Позитивті факторлар:

- тұрақты экономикалық өсу;
- мемлекет тарапынан өңдеу өнеркәсібі мен инфрақұрылым салаларын белсенді қолдау;
- Банктің жоғары кредиттік рейтингі қарыз капиталын тиімді шарттарда тартуға ықпал етеді, осылайша әлеуетті клиенттерге неғұрлым тиімді шарттар бойынша қарыздар ұсынады;
- Қазақстанның «Нұрлы жол» жаңа экономикалық саясатын іске асыру Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражаты есебінен индустриялық инфрақұрылымды дамыту және кәсіпкерлікті қолдау арқылы Қазақстанның экономикасындағы құрылымдық өзгерістерді жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Жағымсыз факторлар:

- қысқа мерзімді перспективада экономикалық өсудің баяулауы салдарынан, атап айтқанда, COVID-19 вирусының таралуын шектеу бойынша шаралар қолданудан туындаған экономикалық белсенділіктің төмендеуі;
- долларлық салымдардың өсуін ынталандыратын ұлттық валютаның әлсіреуі.
- екінші деңгейдегі банктер портфеліндегі жұмыс істемейтін қарыздардың жоғары деңгейде болуы;
- ішкі нарықта теңгемен ұзақ мерзімді қорландырудың жеткіліксіздігі;
- екінші деңгейдегі банктердің кредит портфеліндегі шетел валютасында берілген қарыздардың жоғары үлесі.

5) эмитентте бар лицензиялар (патенттер) және олардың әрекет ету кезеңі, зерттеулер мен әзірлемелерге арналған шығындар, оның ішінде эмитент демеуші зерттеу әзірлемелері туралы ақпарат:

«Қазақстан Даму Банкі туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 25 сәуірдегі № 178 - II Заңының 7-бабына сәйкес Банк өз қызметін лицензиясыз жүзеге асырады.

Банкте патенттер, сондай-ақ Банк демеушілік жасайтын зерттеу әзірлемелері жоқ.

б) эмитентке жеткізілетін (көрсетілетін) шикізаттардағы (жұмыстардағы, қызметтердегі) импорттың үлесі және эмитент экспортқа сататын (көрсететін) өнімнің (жұмыстардың, қызметтердің) сатылатын өнімнің (көрсетілетін жұмыстардың, қызметтердің) жалпы көлеміндегі үлесі;

Банктің тартылған қаражатының жалпы көлеміндегі бейрезиденттерден тартылған қаражат үлесі	<ul style="list-style-type: none"> ▪ ағымдағы міндеттемелердің 56,2% ▪ шарт бойынша тартылған соманың 59,1%
Банк клиенттері қарыздарының жалпы көлеміндегі бейрезиденттерге берілген қарыздан үлесі	Банкте бейрезиденттерге берілген қарыздар жоқ

7) оның қатысуымен өткен сот процестерінің мәнін көрсете отырып, эмитент қызметінің тоқтатылу немесе өзгеру, эмитенттің активтерінің жалпы көлемінен 10 (он) және одан артық пайыз мөлшерінде одан ақшалай және өзге міндеттемелерді өндіріп алу тәуекелімен байланысты сот процестеріне эмитенттің қатысуы туралы мәліметтер:

Банк нәтижелері бойынша Банк қызметінің тоқтатылуы немесе өзгеруі, одан ақшалай және өзге де міндеттемелерді өндіріп алуы мүмкін сот процестеріне қатыспайды.

8) эмитенттің қызметіне ықпал ететін басқа тәуекел факторлары.

Жоқ

Эмитент өндіретін немесе тұтынатын тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) жалпы құнының 10 (он) және одан астам пайызын құрайтын көлемде оның тауарларын (жұмыстарын, көрсетілетін қызметтерін) тұтынушылар мен жеткізушілер туралы мәліметтер.

Банк тұтынатын тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) жалпы құнының 10 (он) және одан да көп пайызын құрайтын тауар айналымының көлемі (көрсетілетін жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) берушілер туралы мәліметтер):

Өнім берушінің толық атауы	Жеткізілетін заттың сипаттамасы	Банк тұтынатын тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) жалпы құнының үлесі
«Elite Business Group» ЖШС	Аутсорсинг қызметтері	14%

Банк өндіретін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) жалпы құнының 10 (он) және одан да көп пайызын құрайтын тауар айналымының көлемі (көрсетілетін жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) тұтынушылар туралы мәліметтер:

Тұтынушының толық атауы	Көрсетілген қызмет түрінің сипаттамасы	Банктің кредиттік портфелінің жалпы көлеміндегі үлесі
«ПетроҚазақстан Продактс» ЖШС	Ойл Қарыз беру	15,7%

Әрбір активтің тиісті баланстық құнын көрсете отырып, эмитент активтерінің жалпы көлемінің 10 (он) және одан астам пайызын құрайтын эмитенттің активтері.

Активтің атауы	Баланстық құны, мың теңге	Банк активтерінің жалпы көлеміндегі үлес, %
Қаражаттар және олардың	310 605 595	10.9%
Клиенттерге берілген қарыздар	1 810 879 419	63.8%
Барлығы:	2 121 485 014	74.7%

26. Эмитент активтерінің баланстық құнының 10 (он) және одан астам пайызы мөлшердегі дебиторлық берешек:

1) эмитенттің алдындағы берешегі эмитент активтерінің баланстық құнының 10 (он) және одан астам пайызын құрайтын эмитент дебиторларының атауы; 2) тиісті өтелетін сомалар (жуырдағы 12 (он екі) ай ішінде тоқсан сайын бөлінеді, қалған сомалар өтеу күнін көрсетумен жылдар бойынша бөлумен көрсетіледі) және оларды өтеу мерзімдері.

Банкте 2020 жылғы 31 наурыздағы жағдай бойынша Банк активтерінің баланстық құнының 10 (он) және одан да көп пайызын құрайтын дебиторлық берешек жоқ.

27. Эмитент міндеттемелерінің баланстық құнының 10 (он) және одан астам пайызын құрайтын эмитенттің кредиторлық берешегі:

1) Эмитент кредиторларының атауы;

тиісті өтелетін сомалар (жуырдағы 12 (он екі) ай ішінде тоқсан сайын бөлінеді, қалған сомалар өтеу күнін көрсетумен жылдар бойынша бөлумен көрсетіледі) және оларды өтеу мерзімдері.

Банкте 2020 жылғы 31 наурыздағы жағдай бойынша банк міндеттемелерінің баланстық құнының 10 (он) және одан да көп пайызын құрайтын кредиторлық берешек жоқ.

28. Эмитент левереджінің шамасы.

Эмитенттің левередж шамасы соңғы әр аяқталған екі қаржы жылының соңғы күніндегі жағдай бойынша, сондай-ақ облигациялар шығарылымын немесе облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеуге құжаттарды беру алдындағы соңғы тоқсанның соңындағы жағдай бойынша не облигациялар шығарылымын немесе облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеуге құжаттарды беру алдындағы соңғы тоқсанның алдындағы тоқсанның қорытындылары бойынша эмитенттің қаржылық есептілігі проспектінің ажырамас бөлігі болса - облигациялар шығарылымын немесе облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеуге құжаттарды беру алдындағы соңғы тоқсанның алдындағы тоқсанның соңындағы жағдай бойынша көрсетіледі.

	2018 жыл 31 желтоқсан	2019 жыл 31 желтоқсан	2020 жыл 31 наурыз
Левередж	5,75	5,05	5,70

29. 2019 жылғы 31 наурыздағы және 2020 жылғы 31 наурыздағы жағдай бойынша эмитенттің қызметінен алынған, оның қаржылық есептілігі негізінде есептелген таза ақша ағындары.

мың теңгемен	2019 жыл 31 наурыз	2020 жыл 31 наурыз

Операциялық қызметтен/қызметтен түскен ақша қаражатының (пайдаланылған) таза ағыны	50 251 561	-63 587 826
Инвестициялық қызметтен түскен (пайдаланылған) ақша қаражатының таза ағыны	63 316 684	136 670 107
Қаржы қызметінен/нен ақша қаражатының (пайдаланылған) таза ағыны	-	62 028 125
Ақша қаражаты мен олардың баламаларының таза (кемуі) / ұлғаюы	113 568 245	135 110 406
Валюта бағамдары өзгерістерінің қаражат құралдарына және олардың баламаларына әсері	-90 317	31 321 466
Құнсызданудағы резерв өзгерістерінің қаражат құралдарына және олардың баламаларына әсері	12 185	-15
Жыл басындағы қаражат құралдары және олардың баламалары	290 168 409	144 173 738
Жыл соңындағы ақша қаражаты және олардың баламалары	403 658 522	310 605 595

30. Облигациялардың осы шығарылымы туралы шешім қабылданған күнге дейін эмитенттің борыштық бағалы қағаздарының барлық тіркелген шығарылымдары туралы мәліметтер (өтелген және жойылған облигациялар шығарылымын қоспағанда):

1) әрбір шығарылымның борыштық бағалы қағаздарының жалпы саны, борыштық бағалы қағаздардың әрбір шығарылымының мемлекеттік тіркелу нөмірі және мемлекеттік тіркелу күні, әрбір шығарылым бойынша орналастырылған борыштық бағалы қағаздардың саны, сондай-ақ борыштық бағалы қағаздарды орналастыру кезінде тартылған ақшаның жалпы көлемі, борыштық бағалы қағаздардың әрбір шығарылымы бойынша есептелген және төленген сыйақының сомасы, оларды сатып алу күнін көрсете отырып, сатып алынған борыштық бағалы қағаздардың саны:

Банктің облигациялардың 1-шығарылымы (ISIN KZ2C00004828):

- Бағалы қағаздардың жалпы саны: 167 691 560 619 облигация;
- Бағалы қағаздар түрі: қамтамасыз етілмеген купондық облигациялар;
- Бағалы қағаздардың номиналды құны: 167 691 560 619 теңге;
- Мемлекеттік тіркеу нөмірі: D57;
- Бағалы қағаздар шығарылымын мемлекеттік тіркеу күні: 2009 жылғы 09 қыркүйек;
- Орналастырылған бағалы қағаздардың саны: 114 859 333 580 облигация;
- Борыштық бағалы қағаздарды орналастыру кезінде тартылған ақшаның жалпы көлемі: 114 859 333 580 теңге;
- Есептелген сыйақы сомасы: 861 444.97 теңге;
- Орналастырылған күннен бастап төленген сыйақы сомасы: 19 914 780 632,42 теңге;
- Сатып алынған борыштық бағалы қағаздардың саны және сатып алу күні: сатып алу жүргізілген жоқ.

Банктің 1-облигациялық бағдарламасы шегіндегі облигациялардың 1-шығарылымы (ISIN KZ2C00003002):

- Бағалы қағаздардың жалпы саны: 20 000 000 облигация;
- Бағалы қағаздар түрі: қамтамасыз етілмеген купондық облигациялар;
- Бағалы қағаздардың номиналды құны: 20 000 000 000 теңге;
- Мемлекеттік тіркеу нөмірі: E82-1;
- Бағалы қағаздар шығарылымын мемлекеттік тіркеу күні: 2014 жылғы 15 желтоқсан;
- Орналастырылған бағалы қағаздардың саны: 20 000 000 облигация;
- Борыштық бағалы қағаздарды орналастыру кезінде тартылған ақшаның жалпы көлемі: 20 000 000 000 теңге;

- Есептелген сыйақы сомасы: 411 016 666,67 теңге;
- Орналастырылған күннен бастап төленген сыйақы сомасы: 8 130 000 000,00 теңге;
- Сатып алынған борыштық бағалы қағаздардың саны және сатып алу күні: сатып алу жүргізілген жоқ.

Банктің 1-облигациялық бағдарламасы шегіндегі облигациялардың 2-шығарылымы (ISIN KZ2C00003580):

- Бағалы қағаздардың жалпы саны: 65 000 000 облигация;
- Бағалы қағаздар түрі: қамтамасыз етілмеген купондық облигациялар;
- Бағалы қағаздардың номиналды құны: 65 000 000 000 теңге;
- Мемлекеттік тіркеу нөмірі: E82-2;
- Бағалы қағаздар шығарылымын мемлекеттік тіркеу күні: 2016 жыл 12 мамыр;
- Орналастырылған бағалы қағаздардың саны: 65 000 000 облигация;
- Борыштық бағалы қағаздарды орналастыру кезінде тартылған ақшаның жалпы көлемі: 65 000 000 000 теңге;
- Есептелген сыйақы сомасы: 3 159 722 222,22 теңге;
- Орналастырылған күннен бастап төленген сыйақы сомасы: 31 850 000 000,00 теңге;
- Сатып алынған борыштық бағалы қағаздардың саны және сатып алу күні: сатып алу жүргізілген жоқ.

Банктің 1-облигациялық бағдарламасы шегіндегі облигациялардың 3-шығарылымы (ISIN KZ2C00003713):

- Бағалы қағаздардың жалпы саны: 15 000 000 облигация;
- Бағалы қағаздар түрі: қамтамасыз етілмеген купондық облигациялар;
- Бағалы қағаздардың номиналды құны: 15 000 000 000 теңге;
- Мемлекеттік тіркеу нөмірі: E82-3;
- Бағалы қағаздар шығарылымын мемлекеттік тіркеу күні: 2016 жыл 29 маусым;
- Орналастырылған бағалы қағаздардың саны: 15 000 000 облигация;
- Борыштық бағалы қағаздарды орналастыру кезінде тартылған ақшаның жалпы көлемі: 15 000 000 000 теңге;
- Есептелген сыйақы сомасы: 387 500 000,00 теңге;
- Орналастырылған күннен бастап төленген сыйақы сомасы: 7 875 000 000,00 теңге;
- Сатып алынған борыштық бағалы қағаздардың саны және сатып алу күні: сатып алу жүргізілген жоқ.

Банктің 2- облигациялық бағдарламасы шегіндегі облигациялардың 2- шығарылымы (ISIN KZ2C00003648):

- Бағалы қағаздардың жалпы саны: 17 500 000 облигация;
- Бағалы қағаздар түрі: қамтамасыз етілмеген купондық облигациялар;
- Бағалы қағаздардың номиналды құны: 17 500 000 000 теңге;
- Мемлекеттік тіркеу нөмірі: F26-2;
- Бағалы қағаздар шығарылымын мемлекеттік тіркеу күні: 2016 жыл 16 маусым ;
- Бағалы қағаздардың жалпы саны: 17 500 000 облигация;
- Борыштық бағалы қағаздарды орналастыру кезінде тартылған ақшаның жалпы көлемі: 17 500 000 000 теңге;
- Есептелген сыйақы сомасы: 401 527 777,78 теңге;
- Орналастырылған күннен бастап төленген сыйақы сомасы: 8 575 000 000,00 теңге;
- Сатып алынған борыштық бағалы қағаздардың саны және сатып алу күні: сатып алу жүргізілген жоқ.

Банктің халықаралық облигациялары (ISIN XS0220743776):

- Бағалы қағаздардың жалпы саны: 100 000 000 облигация;
- Бағалы қағаздар түрі: купондық халықаралық облигациялар;
- Бағалы қағаздардың номиналды құны: 100 000 000 АҚШ доллары;
- Мемлекеттік тіркеу нөмірі: облигациялар шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес тіркелді;
- Бағалы қағаздар шығарылымын мемлекеттік тіркеу күні: 2005 жылғы 03 маусым (айналымның басталған күн);
- Орналастырылған бағалы қағаздардың саны: 100 000 000 облигация;
- Борыштық бағалы қағаздарды орналастыру кезінде тартылған ақшаның жалпы көлемі: 97 214 850,00 АҚШ доллары;
- Есептелген сыйақы сомасы: 2 112 500,00 АҚШ доллары;
- Орналастырылған күннен бастап төленген сыйақы сомасы: 94 250 000,00 АҚШ доллары;
- Сатып алынған борыштық бағалы қағаздардың саны және сатып алу күні: сатып алу жүргізілген жоқ.

Банктің халықаралық облигациялары (ISIN XS0220743776):

- Бағалы қағаздардың жалпы саны: 150 000 000 облигация;
- Бағалы қағаздар түрі: купондық халықаралық облигациялар;
- Бағалы қағаздардың номиналды құны: 150 000 000 АҚШ доллары;
- Мемлекеттік тіркеу нөмірі: облигациялар шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес тіркелді;
- Бағалы қағаздар шығарылымын мемлекеттік тіркеу күні: 2006 жылғы 23 наурыз (айналымның басталған күн);
- Орналастырылған бағалы қағаздардың саны: 97 416 000 облигациялар;
- Борыштық бағалы қағаздарды орналастыру кезінде тартылған ақшаның жалпы көлемі: 145 870 569,00 АҚШ доллары;
- Есептелген сыйақы сомасы: 113 652,00 АҚШ доллары;
- Орналастырылған күннен бастап төленген сыйақы сомасы: 96 528 549,67 АҚШ доллары;
- Сатып алынған борыштық бағалы қағаздардың саны және сатып алынған күні;
 - с 01.06. 2010 жылғы 01 маусымнан бастап 2010 жылғы 10 тамыз аралығында – 21 750 000 облигация;
 - 2010 жылдың 01 желтоқсаны мен 2010 жылдың 15 желтоқсаны аралығында -21 584 000;
 - 2011 жыл 15 маусымы мен 2010 жылдың 30 маусымы аралығында - 6 600 000 облигация;
 - 2012 жылдың 01 маусымы мен 2012 жылдың 30 маусымы аралығында -2 650 000 облигация.

Банктің халықаралық облигациялары (ISIN XS0860582435):

- Бағалы қағаздардың жалпы саны: 1 425 000 000 облигация;
- Бағалы қағаздар түрі: купондық халықаралық облигациялар;
- Бағалы қағаздардың номиналды құны: 150 000 000 АҚШ доллары;
- Мемлекеттік тіркеу нөмірі: облигациялар шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес тіркелді;
- Бағалы қағаздар шығарылымын мемлекеттік тіркеу күні: 2012 жылдың 10 желтоқсаны (айналымның басталған күні);
- Орналастырылған бағалы қағаздардың саны: 1 264 004 000 облигация;
- Борыштық бағалы қағаздарды орналастыру кезінде тартылған ақшаның жалпы көлемі: 1 397 357 662,58 АҚШ доллары;
- Есептелген сыйақы сомасы: 15 931 717,08 АҚШ доллары;
- Орналастырылған күннен бастап төленген сыйақы сомасы: 391 600 837,43 АҚШ доллары;

- Сатып алынған борыштық бағалы қағаздардың саны және сатып алу күні: 2016 жылдың 01 желтоқсанынан 2016 жылдың 15 желтоқсаны аралығында – 160 996 000 облигация.

Банктің 4- облигациялық бағдарламасы шегіндегі облигациялардың 1-шығарылымы (ISIN KZ2C00003911):

- Бағалы қағаздардың жалпы саны: 30 000 000 облигация;
- Бағалы қағаздар түрі: қамтамасыз етілмеген купондық облигациялар;
- Бағалы қағаздардың номиналды құны: 30 000 000 000 теңге;
- Мемлекеттік тіркеу нөмірі: F51-1;
- Бағалы қағаздар шығарылымын мемлекеттік тіркеу күні: 2017 жыл 30 мамыр;
- Орналастырылған бағалы қағаздардың саны: 30 000 000 облигация;
- Борыштық бағалы қағаздарды орналастыру кезінде тартылған ақшаның жалпы көлемі: 30 000 000 000 теңге;
- Есептелген сыйақы сомасы: 997 500 000,00 теңге;
- Орналастырылған күннен бастап төленген сыйақы сомасы: 7 875 000 000,00 теңге;
- Сатып алынған борыштық бағалы қағаздардың саны және сатып алу күні: сатып алу жүргізілген жоқ.

Банктің 4- облигациялық бағдарламасы шегіндегі облигациялардың 2- шығарылымы (ISIN KZ2C00003903):

- Бағалы қағаздардың жалпы саны: 20 000 000 облигация;
- Бағалы қағаздар түрі: қамтамасыз етілмеген купондық облигациялар;
- Бағалы қағаздардың номиналды құны: 20 000 000 000 теңге;
- Мемлекеттік тіркеу нөмірі: F51-1;
- Бағалы қағаздар шығарылымын мемлекеттік тіркеу күні: 2017 жыл 30 мамыр;
- Орналастырылған бағалы қағаздардың саны: 20 000 000 облигация;
- Борыштық бағалы қағаздарды орналастыру кезінде тартылған ақшаның жалпы көлемі: 20 000 000 000 теңге;
- Есептелген сыйақы сомасы: 700 000 000,00 теңге;
- Орналастырылған күннен бастап төленген сыйақы сомасы: 5 250 000 000,00 теңге;
- Сатып алынған борыштық бағалы қағаздардың саны және сатып алу күні: сатып алу жүргізілген жоқ.

Банктің 4- облигациялық бағдарламасы шегіндегі облигациялардың 3- шығарылымы (ISIN KZ2C00004000):

- Бағалы қағаздардың жалпы саны: 8 836 000 облигация;
- Бағалы қағаздар түрі: қамтамасыз етілмеген купондық облигациялар;
- Бағалы қағаздардың номиналды құны: 8 836 000 000 теңге;
- Мемлекеттік тіркеу нөмірі: F51-3;
- Бағалы қағаздар шығарылымын мемлекеттік тіркеу күні: 2017 жыл 11 тамыз;
- Орналастырылған бағалы қағаздардың саны: 8 836 000 облигация;
- Борыштық бағалы қағаздарды орналастыру кезінде тартылған ақшаның жалпы көлемі: 8 836 000 000 теңге;
- Есептелген сыйақы сомасы: 104 927 500,00 теңге;
- Орналастырылған күннен бастап төленген сыйақы сомасы: 2 485 125 000,00 теңге;
- Сатып алынған борыштық бағалы қағаздардың саны және сатып алу күні: сатып алу жүргізілген жоқ.

Банктің 4-облигациялық бағдарламасы шегіндегі облигациялардың 4- шығарылымы (ISIN KZ2C00004018):

- Бағалы қағаздардың жалпы саны: 8 836 000 облигация;
- Бағалы қағаздар түрі: қамтамасыз етілмеген купондық облигациялар;
- Бағалы қағаздардың номиналды құны: 8 836 000 000 теңге;
- Мемлекеттік тіркеу нөмірі: F51-4;
- Бағалы қағаздар шығарылымын мемлекеттік тіркеу күні: 2017 жыл 11 тамыз;
- Орналастырылған бағалы қағаздардың саны: 8 836 000 облигация;
- Борыштық бағалы қағаздарды орналастыру кезінде тартылған ақшаның жалпы көлемі: 8 836 000 000 теңге;
- Есептелген сыйақы сомасы: 102 166 250,00 теңге;
- Орналастырылған күннен бастап төленген сыйақы сомасы: 2 485 125 000,00 теңге;
- Сатып алынған борыштық бағалы қағаздардың саны және сатып алу күні: сатып алу жүргізілген жоқ.

Банктің 4- облигациялық бағдарламасы шегіндегі облигациялардың 5-шығарылымы (ISIN KZ2C00004026):

- Бағалы қағаздардың жалпы саны: 8 836 000 облигация;
- Бағалы қағаздар түрі: қамтамасыз етілмеген купондық облигациялар;
- Бағалы қағаздардың номиналды құны: 8 836 000 000 теңге;
- Мемлекеттік тіркеу нөмірі: F51-5;
- Бағалы қағаздар шығарылымын мемлекеттік тіркеу күні: 2017 жыл 11 тамыз;
- Орналастырылған бағалы қағаздардың саны: 8 836 000 облигация;
- Борыштық бағалы қағаздарды орналастыру кезінде тартылған ақшаның жалпы көлемі: 8 836 000 000 теңге;
- Есептелген сыйақы сомасы: 97 196 000,00 теңге;
- Орналастырылған күннен бастап төленген сыйақы сомасы: 2 429 900 000,00 теңге;
- Сатып алынған борыштық бағалы қағаздардың саны және сатып алу күні: сатып алу жүргізілген жоқ.

Банктің 4-облигациялық бағдарламасы шегіндегі облигациялардың 6-шығарылымы (ISIN KZ2C00004190):

- Бағалы қағаздардың жалпы саны: 30 000 000 облигация;
- Бағалы қағаздар түрі: қамтамасыз етілмеген купондық облигациялар;
- Бағалы қағаздардың номиналды құны: 30 000 000 000 теңге;
- Мемлекеттік тіркеу нөмірі: F51-6;
- Бағалы қағаздар шығарылымын мемлекеттік тіркеу күні: 2017 жыл 12 желтоқсан;
- Орналастырылған бағалы қағаздардың саны: орналастыру жүргізілген жоқ;
- Борыштық бағалы қағаздарды орналастыру кезінде тартылған ақшаның жалпы көлемі: 30 000 000 000 теңге;
- Есептелген сыйақы сомасы: 1 072 500 000,00 теңге;
- Орналастырылған күннен бастап төленген сыйақы сомасы: сыйақы төленбеген;
- Сатып алынған борыштық бағалы қағаздардың саны және сатып алу күні: сатып алу жүргізілген жоқ.

Банктің 4- облигациялық бағдарламасы шегіндегі облигациялардың 7- шығарылымы (ISIN KZ2C00004273):

- Бағалы қағаздардың жалпы саны: 43 492 000 облигация;
- Бағалы қағаздар түрі: қамтамасыз етілмеген купондық облигациялар;
- Бағалы қағаздардың номиналды құны: 43 492 000 000 теңге;
- Мемлекеттік тіркеу нөмірі: F51-7;

- Бағалы қағаздар шығарылымын мемлекеттік тіркеу күні: 2018 жылғы 24 сәуір;
- Орналастырылған бағалы қағаздардың саны: орналастыру жүргізілген жоқ;
- Борыштық бағалы қағаздарды орналастыру кезінде тартылған ақшаның жалпы көлемі: орналастыру жүргізілген жоқ;
- Есептелген сыйақы сомасы: жоқ;
- Орналастырылған күннен бастап төленген сыйақы сомасы: сыйақы төленбеген;
- Сатып алынған борыштық бағалы қағаздардың саны және сатып алу күні: сатып алу жүргізілген жоқ.

Банктің халықаралық облигациялары (ISIN XS1734574137):

- Бағалы қағаздардың жалпы саны: 2 000 облигация;
- Бағалы қағаздар түрі: купондық халықаралық облигациялар;
- Бағалы қағаздардың номиналды құны: 100 000 000 000 теңге;
- Мемлекеттік тіркеу нөмірі: облигациялар шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес тіркелді;
- Бағалы қағаздар шығарылымын мемлекеттік тіркеу күні: 2017 жылғы 14 желтоқсан (өтініштің басталу күні);
- Орналастырылған бағалы қағаздардың саны: 2 000 облигация;
- Борыштық бағалы қағаздарды орналастыру кезінде тартылған ақшаның жалпы көлемі: 99 681 000 000,00 теңге;
- Есептелген сыйақы сомасы: 2 797 222 222,22 теңге;
- Орналастырылған күннен бастап төленген сыйақы сомасы: 19 000 000 000,00 теңге;
- Сатып алынған борыштық бағалы қағаздардың саны және сатып алу күні: сатып алу жүргізілген жоқ.

Банктің халықаралық облигациялары (ISIN XS1814831563):

- Бағалы қағаздардың жалпы саны: 2 000 облигация;
- Бағалы қағаздар түрі: купондық халықаралық облигациялар;
- Бағалы қағаздардың номиналды құны: 100 000 000 000 теңге;
- Мемлекеттік тіркеу нөмірі: облигациялар шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес тіркелді;
- Бағалы қағаздар шығарылымын мемлекеттік тіркеу күні: 2018 жыл 04 мамыр(өтініштің басталу күні);
- Орналастырылған бағалы қағаздардың саны: 2 000 облигация;
- Борыштық бағалы қағаздарды орналастыру кезінде тартылған ақшаның жалпы көлемі: 98 820 000 000,00 теңге;
- Есептелген сыйақы сомасы: 3 629 722 222,22 теңге;
- Орналастырылған күннен бастап төленген сыйақы сомасы: 13 425 000 000,00 теңге;
- Сатып алынған борыштық бағалы қағаздардың саны және сатып алу күні: сатып алу жүргізілген жоқ.

Банктің 5- облигациялық бағдарламасы шегіндегі облигациялардың 1- шығарылымы (ISIN KZ2C00005908):

- Бағалы қағаздардың жалпы саны: 30 000 000 облигация;
- Бағалы қағаздар түрі: қамтамасыз етілмеген купондық облигациялар;
- Бағалы қағаздардың номиналды құны: 30 000 000 000 теңге;
- Мемлекеттік тіркеу нөмірі: жоқ;
- Бағалы қағаздар шығарылымын мемлекеттік тіркеу күні: 2019 жылғы 21 мамыр;
- Орналастырылған бағалы қағаздардың саны: 27 484 000 облигация;
- Борыштық бағалы қағаздарды орналастыру кезінде тартылған ақшаның жалпы көлемі:
- Есептелген сыйақы сомасы: 778 713 333,33 теңге;

- Орналастырылған күннен бастап төленген сыйақы сомасы: бірінші купондық сыйақыны төлеуді бастау күні: 1 374 200 000 теңге;
- Сатып алынған борыштық бағалы қағаздардың саны және сатып алу күні: сатып алу жүргізілген жоқ.

Банктің 5-облигациялық бағдарламасы шегіндегі облигациялардың 2- шығарылымы (ISIN KZ2C00005916):

- Бағалы қағаздардың жалпы саны: 70 000 000 облигация;
- Бағалы қағаздар түрі: камтамасыз етілмеген купондық облигациялар;
- Бағалы қағаздардың номиналды құны: 70 000 000 000 теңге;
- Мемлекеттік тіркеу нөмірі: жоқ;
- Бағалы қағаздар шығарылымын мемлекеттік тіркеу күні: 2019 жылғы 21 мамыр;
- Орналастырылған бағалы қағаздардың саны: 41 000 000 облигация;
- Борыштық бағалы қағаздарды орналастыру кезінде тартылған ақшаның жалпы көлемі: 41 000 000 000,00 теңге;
- Есептелген сыйақы сомасы: 865 532 777,78 теңге;
- Орналастырылған күннен бастап төленген сыйақы сомасы: бірінші купондық сыйақыны төлеуді бастау күні: 2 105 350 000 теңге;
- Сатып алынған борыштық бағалы қағаздардың саны және сатып алу күні: сатып алу жүргізілген жоқ.

Банктің 6- облигациялық бағдарламасы шегіндегі облигациялардың 1-шығарылымы (ISIN KZ2C00006286):

- Бағалы қағаздардың жалпы саны: 20 000 000 облигация;
- Бағалы қағаздар түрі: камтамасыз етілмеген купондық облигациялар;
- Бағалы қағаздардың номиналды құны: 20 000 000 000 теңге;
- Мемлекеттік тіркеу нөмірі: жоқ;
- Бағалы қағаздар шығарылымын мемлекеттік тіркеу күні: 2019 жылғы 30 қыркүйек;
- Орналастырылған бағалы қағаздардың саны: 20 000 000 облигация;
- Борыштық бағалы қағаздарды орналастыру кезінде тартылған ақшаның жалпы көлемі: 20 000 000 000 теңге;
- Есептелген сыйақы сомасы: 14 416 666,67 теңге
- Орналастырылған күннен бастап төленген сыйақы сомасы: сыйақы төленбеген
- Сатып алынған борыштық бағалы қағаздардың саны және сатып алу күні: сатып алу жүргізілген жоқ.

Банктің халықаралық облигациялары (ISIN XS2106835262):

- Бағалы қағаздардың жалпы саны: 62 500 000 000 облигация;
- Бағалы қағаздар түрі: теңгемен деноминацияланған купондық халықаралық облигациялар;
- Бағалы қағаздардың номиналды құны: 62 500 000 000 теңге;
- Мемлекеттік тіркеу нөмірі: облигациялар шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес тіркелді;
- Бағалы қағаздар шығарылымын мемлекеттік тіркеу күні: 2020 жыл 12 ақпан (айналым басталған күн);
- Орналастырылған бағалы қағаздардың саны: 62 500 000 000 облигация;
- Борыштық бағалы қағаздарды орналастыру кезінде тартылған ақшаның жалпы көлемі: 62 028 125 000 теңге
- Есептелген сыйақы сомасы: 895 833 333,33 теңге;
- Орналастырылған күннен бастап төленген сыйақы сомасы: ең жақын купондық төлем күні 2020 жыл 12 тамыз

- Сатып алынған борыштық бағалы қағаздардың саны және сатып алу күні: сатып алу жүргізілген жоқ.

Банктің 6- облигациялық бағдарламасы шегіндегі облигациялардың 2- шығарылымы (ISIN KZ2C00006765):

- Бағалы қағаздардың жалпы саны: 20 000 000 облигация;
- Бағалы қағаздар түрі: қамтамасыз етілмеген купондық облигациялар;
- Бағалы қағаздардың номиналды құны: 20 000 000 000 теңге;
- Мемлекеттік тіркеу нөмірі: жоқ;
- Бағалы қағаздар шығарылымын мемлекеттік тіркеу күні: 2020 жыл 30 сәуір;
- Орналастырылған бағалы қағаздардың саны: 20 000 000 облигация;
- Борыштық бағалы қағаздарды орналастыру кезінде тартылған ақшаның жалпы көлемі: 20 000 000 000 теңге;
- Есептелген сыйақы сомасы: 2020 жылғы 31 наурызға дейін сыйақы есептелмеген;
- Орналастырылған күннен бастап төленген сыйақы сомасы: сыйақы төленбеген;
- Сатып алынған борыштық бағалы қағаздардың саны және сатып алу күні: сатып алу жүргізілген жоқ.

2) орындалмаған міндеттемелердің мөлшері және олардың орындалу мерзімінің өтіп кету мерзімі туралы ақпаратты қоса алғанда, эмитенттің бағалы қағаздар ұстаушылар алдындағы өз міндеттемелерін орындамау фактілері туралы мәліметтер (облигациялар бойынша сыйақыны төлемеу (төлеуді кешіктіру), акциялар бойынша дивидендтер төлемеу (төлеуді кешіктіру), бағалы қағаздар бойынша есептелген, бірақ төленбеген сыйақылар сомасы (түрлері мен шығарылымдары бойынша жеке-жеке):

Эмитенттің өз міндеттемелерін орындамау фактілері жоқ.

3) егер қандай да бір бағалы қағаздар шығарылымының мемлекеттік емес бағалы қағаздарын орналастыру не айналысқа енгізу тоқтатылған (жалғастырылған) жағдайда, ондай шешімдер қабылдаған мемлекеттік орган, оларды қабылдау негіздемесі мен күні көрсетіледі:

Банкте тоқтатылған немесе өткізілмеді деп танылған немесе жойылған бағалы қағаздардың шығарылымдары жоқ.

4) сауда-саттықты ұйымдастырушылардың атауларын қоса алғанда, эмитенттің бағалы қағаздары айналыста болатын нарықтар:

Банктің бағалы қағаздарының саудасы биржалық және биржадан тыс нарықтарда жүзеге асырылады. Ұйымдастырылған нарықта Банктің бағалы қағаздарының саудасы келесі сауданы ұйымдастырушылардың сауда жүйелерінде жүзеге асырылады: «Қазақстан қор биржасы» АҚ, Лондон қор биржасы (London Stock Exchange), Франкфурт қор биржасы (Frankfurt Stock Exchange), Берлин қор биржасы (Borse Berlin - Berlin Stock Exchange), Штутгарт қор биржасы (Boerse Stuttgart-Stuttgart Stock Exchange), Люксембург қор биржасы (Luxembourg Stock Exchange), Швейцария қор биржасы (six Swiss Exchange) (Bloomberg деректері).

5) ұстаушылардың айналысындағы бұрын шығарылған облигациялардың әр түрімен ұсынылатын құқықтары, соның ішінде шектеулерді (ковенанттарды) бұзған кезде жүзеге асырылған және ұстаушылардың аталған құқықтарын жүзеге асыру тәртібі көрсетілген, ұстаушылармен жасалған сатып алу - сату шарттарымен қарастырылған құқықтары:

Облигацияларды ұстаушылар:

- облигациялар шығарылымының проспектісінде қарастырылған мерзімде облигацияның номиналды құнын және сыйақыны алуға;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен ақпарат алу құқығы;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған жағдайларда және тәртіппен өз талаптарын қанағаттандыру құқығы;

- облигацияларды еркін иеліктен шығару және өзгеше түрде билік ету құқығы; облигацияларға меншік құқығынан туындайтын өзге де құқықтар;
 - облигацияларға арналған меншік құқығынан туындайтын өзге де құқықтар.
- Егер облигациялар шығарылымының талаптарында Банктің облигацияларды сатып алу мүмкіндігі қарастырылған жағдайда, осы процедура облигациялар шығару проспектісінің шарттарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

11-ТАРАУ. ЭМИТЕНТ ЖӘНЕ ОНЫҢ ОРНАЛАСТЫРАТЫН ЭМИССИЯЛЫҚ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРЫ ТУРАЛЫ ҚОСЫМША МӘЛІМЕТТЕР

31. Облигацияларды ұстаушыға ұсынылатын құқықтар:

1) облигациялар шығарылымының проспектісінде қарастырылған мерзімде эмитенттен облигацияның номиналды құнын алу немесе өзге де мүлктік баламасын алу құқығы, сондай-ақ облигацияның номиналды құнының ол бойынша тіркелген пайызын немесе облигациялар шығарылымының проспектісінде белгіленген өзге де мүлктік құқықтарды алу құқығы;

2) осы құқықты іске асыру шарттарын, тәртібі мен мерзімдерін көрсете отырып, оның ішінде облигациялар шығарылымының проспектісінде қарастырылған ковенанттар (шектеулер) бұзылған кезде Эмитенттің облигацияларды сатып алуын талап ету құқығы;

3) өзге де құқықтар.

Облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеу кезінде бұл тармақ толтырылмайды.

32. Туындаған жағдайда эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялану ықтималдығы бар оқиғалар туралы мәліметтер:

1) туындаған жағдайда эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялану ықтималдығы бар оқиғалар тізбесі;

2) облигациялар бойынша дефолт туындаған жағдайда эмитент қабылдайтын шаралар, облигациялар ұстаушылардың облигациялар бойынша сыйақы төлеу бойынша міндеттемелерін орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған кезде құқықтарын қорғау рәсімін қоса, оның ішінде міндеттемені қайта құрылымдау тәртібі және талаптары;

3) эмитенттің облигацияларды ұстаушыларының назарына орындалмаған міндеттемелердің көлемі, міндеттемелерді орындамау себебі, облигацияларды ұстаушылардың өз талаптарын қанағаттандыру жөніндегі мүмкін іс-әрекеттерінің тізбегі, облигацияларды ұстаушылардың эмитентке, эмитенттің облигациялар бойынша міндеттемелерді орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ немесе бірлескен жауапкершілік көтеретін тұлғаларға талап қою өтінішінің тәртібі туралы мәліметі бар дефолт фактісі туралы ақпаратты жеткізу тәртібі, мерзімі мен әдісі;

4) эмитенттің облигациялар бойынша міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ немесе бірлескен жауапкершілік көтеретін тұлғалармен шарт жасалған күні мен нөмірі, осы тұлғалардың толық атауы, сондай-ақ оларды (сондай тұлғалар бар болса) мемлекеттік тіркеу күні.

Облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеу кезінде бұл тармақ толтырылмайды.

33. Эмитенттің облигацияларды өтеу сәтіне дейінгі әрбір сыйақы төлеу кезеңінің бөлігінде сыйақыларды төлеу және негізгі борыш сомасын өтеу үшін қажетті ақшалай қаражаты көздерінің және ағындарының болжамы.

Облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеу кезінде бұл тармақ толтырылмайды.

34. Эмитенттің орналастыратын облигацияларды сатып алуға байланысты тәуекелдер:

1) салалық тәуекелдер - эмитенттің саласындағы оның қызметіне және оның бағалы қағаздар бойынша міндеттемелерін орындауына нашарлауы мүмкін жағдайының әсері сипатталады. Эмитенттің пікірі бойынша, салада болуы мүмкін аса маңызды өзгерістер (ішкі және сыртқы нарықта бөлек) келтіріледі

Эмитент өз қызметін Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асырады. Осыған байланысты Эмитенттің қызметімен байланысты салалық тәуекелдер ішкі нарықта қызметті жүзеге асыру кезінде туындайды. Эмитенттің қызметіне қатысты ең маңызды тәуекелдердің арасында келесілерді көрсетуге болады:

- нарықта бәсекелестікті күшейтуге байланысты тәуекелдер;
- клиенттердің кредиттік қабілеттілігінің өзгеруі (жасалатын мәмілелер көлемінің өзгеруі, нәтижесінде клиенттер саны азаяды);
- жалпы макроэкономикалық конъюнктураның ықпалымен Эмитент қызметіне сұраныстың өзгеруі (сұраныстың өзгеруі есебінен);
- елдегі экономикалық жағдайдың жалпы нашарлауына және соның салдарынан жылжымайтын мүлік нарығындағы белсенділіктің төмендеуіне байланысты тәуекелдер.

Банк Қазақстан Республикасының резиденті болып табылады және өз қызметін көбінесе Қазақстанның қаржы нарықтарында жүзеге асырады.

Эмитент өз қызметінде (ішкі және сыртқы нарықтарда жеке) пайдаланатын шикізаттың, көрсетілетін қызметтердің бағаларының ықтимал өзгеруіне байланысты тәуекелдер және олардың Эмитенттің қызметіне және олардың бағалы қағаздар бойынша міндеттемелерді орындауына әсері жеке сипатталады:

Эмитент өз қызметінде шикізатты пайдаланбайды, ал бөгде ұйымдар тұтынатын қызметтерінің өзіндік құн құрылымындағы үлесі елеусіз, сондықтан шикізат пен көрсетілетін қызметтердің бағасының ықтимал өзгеруіне байланысты тәуекелдер жоқ және олар Эмитенттің қызметіне және Эмитенттің оның бағалы қағаздары бойынша міндеттемелерін орындауына әсер етпейді.

Банк Қазақстан Республикасының резиденті болып табылады және өз қызметін көбінесе Қазақстанның қаржы нарықтарында жүзеге асырады.

Эмитенттің өніміне және (немесе) қызметіне (ішкі және сыртқы нарықтарға жеке) бағаның ықтимал өзгеруіне байланысты тәуекелдер және олардың Эмитенттің қызметіне және олардың бағалы қағаздар бойынша міндеттемелерді орындауына әсері жеке сипатталады:

Эмитенттің ішкі нарықта көрсетілетін қызметтеріне бағаның ықтимал өзгеруіне байланысты тәуекелдер бәсекелестердің іс-әрекеттерімен және қорландыру құнының ұлғаюымен байланысты болуы мүмкін, бұл тұтастай алғанда пайыздық маржаның және сәйкесінше Эмитент мәмілелері бойынша кірістіліктің төмендеуіне алып келуі мүмкін. Эмитент осы тәуекелдің өз қызметіне және бағалы қағаздар бойынша міндеттемелердің орындалуына әсерін жоғары емес деп бағалайды. Осы тәуекелді төмендету мақсатында Эмитент бизнестің операциялық тиімділігін арттыру және қорландыру құнын төмендету бойынша іс-шараларды жүзеге асырады.

Банк Қазақстан Республикасының резиденті болып табылады және өз қызметін көбінесе Қазақстанның қаржы нарықтарында жүзеге асырады.

2) қаржылық тәуекелдер - эмитенттің қаржылық жағдайының пайыздық мөлшерлемелердің қолайсыз өзгеруіне, шетел валюталарының айырбас бағамына, сондай-ақ бағалы қағаздар мен туынды қаржы құралдарының нарықтық бағасына байланысты тәуекелдерге ұшырауын сипаттайды;

Эмитенттің қаржылық активтердің және эмитенттің қаржылық міндеттемелерінің теңгерімсіздігінен туындайтын міндеттемелерін толық көлемде орындалуын қамтамасыз ете алмауы (соның ішінде эмитенттің бір немесе бірнеше контрагенттерінің қаржылық міндеттемелерін уақтылы орындамауы салдарынан) және (немесе) эмитенттің қаржы

міндеттемелерін дереу және бір реттік орындауына болжанбаған қажеттіліктің туындауы салдарынан болған эмитенттің шығындарымен байланысты тәуекелдер бөлек сипатталады.

Эмитенттің қаржылық есептілігі көрсеткіштерінің қайсысы қаржылық тәуекелдердің ықпалы, олардың пайда болуы ықтималдығы және есептіліктегі өзгерістердің сипаты нәтижесінде өзгеріске аса ұшырағыш екені көрсетіледі;

Тәуекелдерді басқару Банк қызметінің негізінде жатыр және Банктің операциялық қызметінің маңызды элементі болып табылады. Сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеру тәуекелін, валюталық тәуекелді және қор тәуекелін, сондай-ақ кредиттік тәуекел мен өтімділік тәуекелін қамтитын нарықтық тәуекел Банк өз қызметін жүзеге асыру процесінде тап болатын негізгі тәуекел болып табылады.

Банктің тәуекелдерді басқару жөніндегі саясаты Банк ұшырайтын тәуекелдерді айқындауға, талдауға және басқаруға, тиісті тәуекелдер лимиттерін және тиісті бақылауларды белгілеуге, сондай-ақ тәуекелдер деңгейін және олардың белгіленген тәуекелдерге сәйкестігін тұрақты бағалауға бағытталған.

Тәуекелдерді басқару жөніндегі саясат пен процедуралар нарықтық жағдайдың, ұсынылатын банктік өнімдер мен қызметтердің және пайда болған үздік тәжірибенің өзгеруін көрсету мақсатында тұрақты негізде қайта қаралады.

Банктің Директорлар кеңесі тәуекелдерді басқару жөніндегі бақылау жүйесінің тиісті жұмыс істеуі үшін, негізгі тәуекелдерді басқару және тәуекелдерді басқару жөніндегі саясат пен рәсімдерді мақұлдау үшін, сондай-ақ ірі мәмілелерді мақұлдау үшін жауапты болады.

Басқарма мониторингке және тәуекелдерді төмендету шараларын енгізуге жауап береді, сондай-ақ Банк қызметін тәуекелдердің белгіленген шегінде жүзеге асыруын қадағалайды.

Кредиттік және нарықтық тәуекелдер мен өтімділігінің тәуекелін кредиттік комитеттің жүйесі және Активтер мен пассивтерді басқару жөніндегі комитет (АПК) басқарады және бақылайды.

Сыртқы және ішкі тәуекел факторлары Банктің ұйымдық құрылымы шеңберінде анықталады және басқарылады. Кредиттік және нарықтық тәуекелдерді стандартты талдаудан басқа, функционалдық міндеттері кіретін құрылымдық бөлімшелер жекелеген бағыттар бойынша сараптамалық баға алу мақсатында операциялық бөлімшелермен тұрақты кездесулер өткізу жолымен қаржылық және қаржылық емес тәуекелдерге мониторинг жүргізеді.

Тәуекелдерді басқаруға жауапты бөлімшелер және Банктің ішкі аудит қызметі Банктің ішкі құжаттарына сәйкес Банктің маңызды тәуекелдерін басқару мәселелері туралы кезеңді есеп дайындайды. Көрсетілген есептер Банктің тиісті әдістемелерінің тиімділігін бағалауға қатысты байқау нәтижелерін, сондай-ақ оларды жетілдіру жөніндегі ұсынымдарды қамтиды.

Нарықтық тәуекел

Нарықтық тәуекел нарықтық конъюнктураның ауытқуы, оның ішінде валюталық бағамдардың, сыйақы ставкаларының, кредиттік спредтердің немесе акциялар бағаларының өзгеруі Банктің пайдасына немесе өзінде бар қаржы құралдары портфельдерінің құнына әсер етуі мүмкін. Нарықтық тәуекелдің компоненттеріне валюталық тәуекел, сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеру тәуекелі және қор тәуекелі жатады. Банк нарықтық конъюнктураның жалпы және ерекше ауытқуларына және нарықтық бағалардың құбылмалылық деңгейінің өзгеруіне байланысты пайыздық, валюталық, борыштық және үлестік қаржы құралдары бойынша ашық нарықтық позиция нәтижесінде нарықтық тәуекелге ұшырайды.

Банк нарықтық тәуекел компоненттерінің мөлшерін сәйкестендіру және бағалау, нарықтық тәуекел компоненттерінің мөлшері бойынша лимиттерді белгілеу және олардың сақталуына тұрақты мониторинг жүргізу жолымен нарықтық тәуекелді басқарады.

Сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеру тәуекелі

Сыйақы ставкаларының өзгеру тәуекелі -бұл сыйақының нарықтық ставкаларының өзгеруі салдарынан қаржы құралы бойынша ақша қаражатының әділ құнының немесе болашақ ағындарының өзгеру тәуекелі. Банк оның қаржылық жағдайына және ақша қаражатының ағындарына нарықтық пайыздық мөлшерлемелердің басым болатын ауытқулардың әсеріне ұшырайды. Мұндай ауытқулар пайыздық маржаның деңгейін арттыруы мүмкін, алайда оны төмендетуі немесе сыйақы ставкасы күтпеген жағдайда шығындардың туындауына әкелуі мүмкін.

Сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеру тәуекелі көбінесе сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеру мониторингі арқылы басқарылады.

Валюталық тәуекел

Валюталық тәуекел - бұл банк өз қызметін жүзеге асырған кезде шетел валюталары бағамдарының қолайсыз өзгеруі салдарынан Банкте ашық валюталық позицияның болуы салдарынан қаржылық шығындардың туындау тәуекелі.

Қор тәуекелі

Қор тәуекелі - бұл қор индекстерінің нарықтық көрсеткіштеріндегі қолайсыз өзгерістер салдарынан үлестік бағалы қағаздарды теріс қайта бағалаудан болған қаржылық шығындардың туындау тәуекелі.

Кредиттік тәуекел

Кредиттік тәуекел - қарыз алушының немесе Банк контрагентінің міндеттемелерін орындамауы нәтижесінде туындайтын қаржылық шығындар тәуекелі. Банк өз қызметін Банктің мынадай құралдары, активтері мен өнімдері бойынша жүзеге асыру барысында: клиенттерге берілген кредиттер, қаржылық жалдау шарттары бойынша дебиторлық берешек, банктердегі және басқа да қаржы институттарындағы шоттар мен салымдар, «кері репо» келісімдері бойынша дебиторлық берешек, сату үшін қолда бар қаржы активтері және дебиторлық берешек кредиттік тәуекелге ұшырайды. Банк кредиттік тәуекелді басқару саясаты мен рәсімдерін әзірледі (Қаржылық тәуекелдерді басқару ережелері).

Банктің қаржылық тәуекелдерді басқару ережелерінің басты міндеттері:

- қаржылық тәуекелдер деңгейіне әсер ететін ықтимал факторларды, әлеуетті және нақты теріс үрдістерді сәйкестендіру;
- болжанатын/іске асырылған қаржы шығындарының ауқымын бағалау;
- Банктің қаржылық тәуекелдерін азайту жөніндегі стратегияны айқындау, әзірлеу және енгізу;
- Банктің қаржылық тәуекелдерін азайту бойынша белгілі бір стратегияға сәйкес Банктің қаржылық тәуекелдерін тиімді басқару;
- Банктің қаржылық тәуекелдерін азайту бойынша белгілі бір стратегияның тиімділігін бақылау және мониторингілеу.

Кредиттік тәуекелді басқарудың ықтимал құралдарына Банк алдындағы контрагенттің қаржылық міндеттемелерін орындамаған және/немесе толық орындамаған жағдайда Банктің қаржылық шығындарын азайтуға, сондай-ақ Банктің меншікті капиталын кредиттік тәуекелдерді іске асырудан болатын ықтимал қаржылық шығындардан қорғауды қамтамасыз етуге ықпал ететін құралдар жатады.

сондай-ақ, Банк ең жоғары лимиттер белгілеу жолымен шоғырлану тәуекелін бақылау және басқару арқылы кредиттік тәуекелді басқарады:

- бір қарыз алушыға және/немесе байланысты қарыз алушылар тобына,
- салаға.

Лимиттерді белгілеуден және оларды мониторингілеуден басқа, кредиттік тәуекелді бақылауды кредиттік тәуекелдерді басқаруға жауапты бөлімше және қаржылық тәуекелдерді басқаруға жауапты бөлімше келесілер арқылы жүзеге асырады:

- тәуекел-тәбет көрсеткіштерін және кредиттік тәуекелге қатысты төзімділік деңгейін белгілеу және сақтау.

Банк жекелеген кредиттердің жағдайына тұрақты мониторинг жүргізеді және өзінің қарыз алушыларының төлем қабілеттілігіне тұрақты негізде қайта бағалау жүргізеді. Қайта бағалау рәсімдері қарыз алушының соңғы есепті күнге қаржылық есептілігін талдауға немесе қарыз алушының өзі ұсынған немесе Банк басқа тәсілмен алған өзге де ақпаратқа негізделеді.

Корпоративтік контрагенттер бойынша кредиттік тәуекелді бақылау мақсатында Банк мониторингтің мынадай түрлерін жүзеге асырады:

- контрагенттің ағымдағы қаржы мониторингі және жобаны іске асырудың тоқсан сайынғы негіздегі мониторингі;
- инвестициялық жобаның және экспорттық операцияның жоспарлы кешенді көшпелі мониторингі;
- төлем тәртібінің мониторингі (өтеу мерзімінің басталуына қарай);

- кредиттік досьені жүргізу және қаржылық емес сипаттағы міндеттемелерді орындау мониторингі;
- кепілдік мүліктің мониторингі;
- мәміле бойынша заңды тұрғыдан таза болу бойынша мониторингі.

Банкте, сондай-ақ кредиттік құралдарды мақұлдау кезінде Банктің ішкі актілерінде қарастырылған бірқатар стоп-факторлар қолданылатынын атап өткен жөн.

Өтімділік тәуекелі

Өтімділік тәуекелі - бұл Банктің өз міндеттемелерін орындау үшін ақша қаражатын тарту бойынша қиындықтарға тап болуы мүмкін тәуекел. Өтімділік тәуекелі активтер мен міндеттемелерді өтеу мерзімдері бойынша сәйкессіздік болған жағдайда туындайды. Өтеу мерзімдері және активтер мен міндеттемелердің пайыздық мөлшерлемелері бойынша сәйкестік және/немесе бақыланатын сәйкессіздік өтімділік тәуекелін басқарудағы негізгі сәт болып табылады. Жүргізілетін операциялардың әртүрлілігі және олармен байланысты белгісіздік салдарынан активтер мен міндеттемелерді өтеу мерзімдері бойынша толық сәйкес келу қаржы институттары үшін әдеттегі тәжірибе болып табылмайды, бұл операциялардың кірістілігін арттыруға мүмкіндік береді, алайда залалдардың туындау қаупін арттырады.

Банк оларды өтеу мерзімдерінің басталуына қарай барлық міндеттемелерді орындау үшін қажетті ақша қаражатының тұрақты болуын қамтамасыз ету мақсатында өтімділіктің қажетті деңгейін қолдайды. Өтімділікті басқару жөніндегі ережені Басқарма қарайды және бекітеді.

Өтімділікті басқару келесіден тұрады:

ақша қаражатының ағынын негізгі валюталар бөлінісінде болжау және ақша қаражатының осы ағындары үшін қажетті өтімді активтердің деңгейін есепке алудан;

- қаржыландыру көздерінің әртараптандырылған құрылымын қолдаудан;
- қарыз қаражатының шоғырлануы мен құрылымын басқарудан;
- қарыз қаражаты есебінен қаржыландыруды тарту жөніндегі жоспарларды әзірлеуден;
- кассалық өтімділік үзілген жағдайда қорғау шарасы ретінде еркін сатуға болатын өтімділігі жоғары активтер портфелін қолдаудан;
- өтімділікті және қаржыландырудың берілген деңгейін қолдау бойынша резервтік жоспарларды әзірлеуден тұрады.

Операциялық және қаржылық тәуекелдер департаменті бөлімшелерден олардың қаржылық активтері мен міндеттемелері өтімділігінің құрылымы туралы және болашақта жоспарланған бизнестен күтілетін ақша қаражатының ағынын болжау туралы ақпарат алады.

Қазынашылық күн сайын өтімділік бойынша позицияға мониторинг жүргізеді. Қалыпты нарықтық жағдайларда өтімділіктің жағдайы туралы есептер жоғары басшылыққа апта сайын беріледі. Өтімділікті басқару жөніндегі саясатқа қатысты шешімдерді АПК қабылдайды және Қазынашылық орындайды.

Банк түрлі көздерден ақша қаражатының жеткілікті көлемін ала алады деп пайымдайды, олар негізінен, шетелдік банктер ашып, пайдаланылмаған кредит желілері бойынша қаражат, сондай-ақ кез келген міндеттемелер бойынша талаптарды орындау қажет болған жағдайда «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-дан қарыз алу болып табылады. Сонымен қатар, Банк өтімділік тәуекелін тұрақты негізде талдайды және болашақта ықтимал алшақтықтарды жою үшін алдын ала қажетті шараларды қабылдайды.

3) құқықтық тәуекел – эмитентте залалдардың пайда болу тәуекелі сипатталады:

Қазақстан Республикасының валюталық, салық, кеден заңдарына өзгерістер енгізу туралы;

эмитенттің Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасының талаптарын және жасалған шарттардың талаптарын сақтамауы:

қызметті жүзеге асырудағы жіберілген құқықтық қателіктер (дұрыс емес заң консультациясын алу немесе құжаттарды дұрыс жасамау, соның ішінде сот органдарындағы даулы мәселелерді қарастыру кезінде) салдарынан шығынға ұшырау тәуекелін сипаттайды;

Құқықтық тәуекел – Банктің Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұзуы немесе Банк тәжірибесінің оның ішкі құжаттарына сәйкес келмеуі салдарынан шығыстардың

(шығындардың), сот талап-арыздарының туындау тәуекелі, ал Қазақстан Республикасының бейрезиденттерімен қарым – қатынастарда-басқа мемлекеттердің заңнамаларын, сондай-ақ банктің шарттарды, келісімдерді сақтамауы салдарынан туындайтын тәуекел.

Құқықтық қамтамасыз ету департаменті мен Кредиттік қызметті құқықтық сүйемелдеу департаментінің негізгі мақсаты Банк қызметін құқықтық сүйемелдеу болып табылады.

- Банк қызметінде заңдылықтың (Қазақстан Республикасы заңнамасының және ішкі актілердің талаптарын) сақталуын қамтамасыз ету (құқықтық қамтамасыз ету);
- әкімшілік-шаруашылық мәселелер бойынша соттарда және өзге де мемлекеттік органдарда Банк мүддесін заңнамада белгіленген тәртіппен қорғау.
- Банктің кредиттік қызметіндегі құқықтық тәуекелдерді азайту.
- Банк жүзеге асыратын кредиттік қызмет пен банкаралық кредит беруде құқықтық тәуекелдерді анықтау және оларды барынша азайту және жою жөнінде ұсынымдар әзірлеу.

Эмитенттің негізгі қызметін лицензиялау жөніндегі талаптар:

Эмитентке лицензияланатын қызметке байланысты тәуекелдер тән емес.

4) іскерлік беделінен айырылу тәуекелі (беделдік тәуекел) - эмитенттің қаржылық тұрақтылығы, қаржылық жағдайы, оның өнім (жұмыс, қызмет) сапасы немесе жалпы қызмет сипаты туралы теріс ұғым қалыптасу салдарынан эмитент клиентінің (контрагенттері) санының азаюы нәтижесінде залал шегу тәуекелінің туындауы мүмкін екені суреттеледі;

Іскерлік беделін жоғалту тәуекелін басқару келесі кезендерден тұрады:

- бедел тәуекелін анықтау;
- бедел тәуекелін бағалау;
- бедел тәуекелінің мониторингі;
- бедел тәуекелін бақылау және/немесе азайту.

Бедел тәуекелін азайту мақсатында Банк келесі негізгі әдістерді қолданады:

- Эмитенттің оның контрагенттерімен шарттық міндеттемелерін орындауды қамтамасыз етеді;
- клиенттерге, контрагенттерге, реттеу және қадағалау органдарына және басқа да мүдделі тараптарға ұсынылатын қаржылық есептіліктің және басқа да жарияланатын ақпараттың дұрыстығын бақылауды жүзеге асырады;
- жыл сайынғы аудит өтеді;
- акционердің, үлестес тұлғалардың, клиенттердің және контрагенттердің іскерлік беделіне мониторингті жүзеге асырады;
- Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында ішкі бақылауды ұйымдастыру туралы заңнаманың сақталуын бақылайды;
- қызметкерлердің корпоративтік этика нормаларын сақтауын бақылайды.

5) стратегиялық тәуекел - эмитенттің қызмет және даму стратегиясын (стратегиялық басқаруын) анықтайтын шешімдерді қабылдау кезінде жіберілген қателік (кемшілік) нәтижесінде туындауы мүмкін және эмитенттің қызметіне қауіп төндіруі мүмкін ықтимал қатерді есепке алмағанында немесе тиісті түрде есепке алмағанында білінетін, эмитент бәсекелестерінің алдында басымдыққа ие болуы мүмкін қызметінің келешегі бар бағыттарын дұрыс емес немесе толық негіздемесіз белгіленгенін, эмитент қызметінің стратегиялық мақсатына қолжеткізуді қамтамасыз етуі тиіс қажетті ресурстардың (қаржылық, материалды-техникалық, адами) және эмитент қызметінің стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуді қамтамасыз етуге тиіс ұйымдастыру шараларының жоқтығын немесе толық көлемде қамсыздандырылмағанын көрсететін тәуекел;

Банк қызметінде Банк қызметінің және даму стратегиясын (стратегиялық басқару) айқындайтын шешімдер қабылдау кезінде жіберілген қателер (кемшіліктер) нәтижесінде шығындардың туындау тәуекелі бар Банк секторындағы ағымдағы жағдайды және оның даму перспективаларын, тәуекелдер деңгейлерін, контрагенттер мен бәсекелестердің іс-қимылдарын, клиенттердің қажеттіліктерін, жоспарланған өзгерістерді кадрлық, қаржылық және техникалық қамтамасыз ету мүмкіндіктерін алдын ала талдау негізінде басқарушылық шешімдерді мұқият пысықтау жолымен азайтылады. Көрсетілген параметрлерді бағалауға сүйене отырып, Банк бірқатар өнім қатарын, дамудың сандық және сапалық көрсеткіштерін жоспарлайды.

Эмитент осы тәуекелді елеусіз деп бағалайды, өйткені стратегиялық шешімдерді тиімді бағалауды және іске асыруды қамтамасыз ету мақсатында эмитент компанияның ағымдағы жағдайын, қызметтің басым бағыттарын анықтауды, стратегиялық жоспарларды әзірлеуді, сондай-ақ қабылданған стратегияларды іске асыруды бақылауды қоса алғанда, қысқа мерзімді және орта мерзімді жоспарлау бағдарламасын қолданады. Эмитенттің Стратегиясында белгіленген қойылған міндеттер мен жоспарларды іске асыру барысында Эмитенттің стратегиялық жоспарларына және/немесе қызметіне қандай да бір сегменттегі болжамдық мәндерден есептік өлшемдердің ауытқулары анықталған жағдайда сыртқы және/немесе ішкі нарықтық конъюнктураның өзгеруі әсерінен түзетулер енгізуге болады. Эмитент стратегиялық тәуекел деңгейін елеусіз деп бағалайды.

б) эмитенттің қызметіне байланысты тәуекел - тек эмитентке тән немесе қоғамның жүргізетін негізгі қаржы-шаруашылық қызметіне байланысты тәуекелдер сипатталады, соның ішінде келесілермен байланысты тәуекелдер:

Эмитенттің белгілі бір қызмет түрін жүргізуге немесе айналыста болуы шектелген объектілерді (соның ішінде табиғи ресурстарды) пайдалануға лицензияның қолданыс мерзімін ұзарту мүмкіндігінің жоқтығы;

Эмитент лицензияланатын қызметті жүзеге асырмайды.

эмитенттің үшінші тұлғалардың, соның ішінде эмитенттің еншілес қоғамдарының борыштары бойынша ықтимал жауапкершіліктері:

Осы облигациялық бағдарлама проспектісі бекітілген күні Эмитент үшінші тұлғалардың борыштары бойынша жауапты болмайды.

айналымына эмитент өнімін (жұмысын, қызметін) сатудан түскен жалпы түсімінен кем дегенде 10 пайызы келетін тұтынушыдан айырылу ықтималдығы;

Банк негізгі тұтынушыларды жоғалту ықтималдығының тәуекелін төмен деп бағалайды, өйткені жоғарыда аталған тұтынушылар кредит берудің тартымды шарттары ұсынылған Банктің ұзақ мерзімді әріптестері болып табылады.

7) елдік тәуекел - экономикалық, саяси, әлеуметтік өзгерістерге байланысты шетелдік контрагенттердің (заңды тұлғалардың, жеке тұлғалардың) міндеттемелерін орындамау салдарынан, сондай-ақ ақшалай міндеттеменің валютасы контрагент үшін өз резидент елінің заңнамасының ерекшеліктеріне байланысты қол жетімді болмауы салдарынан (контрагенттің өзінің қаржылық жағдайына қарамастан) эмитенттің шығынға ұшырау қаупін сипаттайды:

